



2021-2022 жылдары

мемлекеттік сатып алу саласындағы

СӨТ ПРАКТИКАСЫН ТАЛДАУ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СӨТІНЫҢ
ӘКІМШІЛІК ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ СӨТ АЛҚАСЫ**

АСТАНА, 2023

**ҚР ЖС ӘІСА-ның
2021-2022 жылдардағы
мемлекеттік сатып алу саласындағы
СОТ ПРАКТИКАСЫН ТАЛДАУЫ**

2023 жылғы 28 сәуір

Астана қаласы

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (АК);
- Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (АПК)
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК);
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (МСА туралы заң);
- «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (МАЖҚБ туралы заң);
- «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (№ 648 Қағидалар);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары (№ 694 Қағидалар);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидалары (№ 598 Қағидалар);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары (№ 392 Қағидалар);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 127 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібі (қолданылу мерзімі 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (№ 1200 Қағидалар);
- «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы (№ 4 ЖСНҚ);
- Қордың Директорлар кеңесі басқармасының 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 31/19 шешімімен бекітілген Қордың сатып алу қызметін басқару стандарты;
- Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

ҚЫСҚАРТУЛАР

әкімақт – әкімшілік акт
МСА – мемлекеттік сатып алулар;
ЖҚТ – мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі;
МАӘС – мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот;
ӘІСА – облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы;
ҚР ЖС ӘІСА – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы;
МАӘС – мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот;
Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
Қазынашылық – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті;
ІМАҚ – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті;
ДВГА – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ішкі мемлекеттік аудит департаменті;
МАЖҚБ – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау;

Мазмұны



Нормативтік құқықтық база

- I. Статистикалық деректер
- II. Әкімшілік талап қоюларды қайтару
- III. Соттылық
- IV. МС-ға жосықсыз қатысушы деп тану және ЖҚТ-ға енгізу
- V. Сотқа дейінгі тәртіп

*ЖҚТ-ға енгізу жөніндегі бұйрықтарға дау айту
Камералдық бақылау нәтижелеріне дау айту туралы
Апелляциялық комиссия туралы бөлек*

- VI. Мемлекеттік сатып алулардағы салалық мерзімдер
- VII. Соттардағы процестік мерзімдер
- VIII. Конкурс нәтижелеріне шағымдану
- IX. Камералдық бақылау
- X. Камералдық бақылау нәтижелеріне дау айту
- XI. Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелеріне дау айту
- XII. Сыртқы мемлекеттік аудит нәтижелеріне дау айту
- XIII. Мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері жіберетін қателер
- XIV. I және II сатыдағы соттардың қателері
- XV. Ұсынымдар мен ұсыныстар жиынтығы

I. СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР¹



¹ Қорыту кезеңінде істерді қараудың саны мен сапасы туралы мәліметтер «Төрелік» АЖ деректері бойынша қалыптастырылған.

2020 жылы АПК тәртібімен МСА бойынша **219** талап қою түсті.
2021 жылдың бірінші жартыжылдығында – **360**.

ӘРПК енгізілгеннен кейін 2021 жылғы 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында **14 469 талап** қою түсті.

Оның ішінде МСА саласында - **1 238** немесе жалпы саннан 8,6%.

МАЭС шығарған сот шешімдері – 412.

Оның ішінде талап қоюды қанағаттандырғандар – **171**, талап қоюдан бас тартылғандар – **241**.

Бірінші сатыдағы соттың **апелляциялық тәртіптегі шешімдері**: өзгеріссіз қалдырылғандар – **92**, өзгертілгендер – **9**, күші жойылғандар – **16**.

Кассациялық тәртіппен:

өзгеріссіз қалдырылған сот актілері – **18**, күші жойылғандар – **6**, оның ішінде жаңа шешім шығарылғандар – **1**, жаңадан қарауға жолданғандар – **3**, талап қою қайтарылғандар – **1**.

2022 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында **28 852** талап қоюлар түсті (қалдық 2 110).

Оның ішінде МСА саласында - **1 678** (1545 + қалдық 133) талап қоюлар немесе жалпы саннан 5,4 %.

Шешім шығарылып қаралған істер – 574, оның ішінде талап қою қанағаттандырылғандар – 304, талап қоюдан бас тартылғандар – 270.

Апелляциялық сатыда: өзгеріссіз қалдырылғаны – 333, күші жойылғаны – 65.

Кассациялық тәртіппен өзгеріссіз қалдырылғаны – 78, қаулылар – 94.

Шешімдердің өзгертілгені – 3, күші жойылғаны – 33.

ӘРПК әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізудің жаңа қағидаттарын енгізді, бұл 2021 жылдың екінші жартыжылдығында әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен МСА саласында талап қоюлардың айтарлықтай ұлғаюына әкелді. Өсу үрдісі 2020 жылмен және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда, 2022 жылы да жалғасты.

II. ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮЛАРДЫ ҚАЙТАРУ

2021 жылы МАЭС 587 талап қоюды қайтарды, соттылығы бойынша жолданғаны – **28**.

келіп түскені	қайтарылғаны	МСА бойынша	оның ішінде ӘРПК-іде көзделген 138-баптың негіздері бойынша:												
			2-бөлігінің 1) тармақшасы	2-бөлігінің 2) тармақшасы	2-бөлігінің 4) тармақшасы	2-бөлігінің 5) тармақшасы	2-бөлігінің 6) тармақшасы	2-бөлігінің 7) тармақшасы	2-бөлігінің 10) тармақшасы	2-бөлігінің 11) тармақшасы	2-бөлігінің 12) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 15) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 17) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің бөлігі	
14445	6 057	587	100	3	4	6	128	2	5	155	3	16	161	4	

Оның ішінде ең көбі:

- Соттылыққа жатпайтыны бойынша – МСА бойынша қайтарылған 587 талап қоюлардан **161** (27,4%);
- ӘРПК бойынша қарауға жатпайтындар ретінде – **155** (26,4%);
- талап қоюды қайтарып алуға байланысты – **128** (21,8%);
- сотқа дейінгі тәртіпті сақтамау – **100** (17%).

Соттылыққа жатпайтыны бойынша қайтарулардың негізгі себебі дау айтылатын әкімшілік актінің электрондық нысанда шығарылуы болып табылады және сондықтан талап қоюшының орналасқан (тұратын) жері бойынша қаралуға тиіс. Бұл қағида ӘРПК-іге енгізілді және сот практикасының бастапқы кезеңінде қайтарулар санының өсуіне әсер етті. Талап қоюлардың көп санын орталық әкімшілік органдар елордада орналасқандықтан, Астана қаласының бірінші сатыдағы соты қарады.

Өңірлерде 2021 жылдың 2-жартыжылдығында қайтарулар бойынша ахуал:

өңірлер	келіп түскен і	Қайтарылғаны	ӘРПК-іде көзделген 138-баптың негіздері бойынша.:												
			138-баптың 2-бөлігінің 1) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 2) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 4) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 5) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 6) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 7) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 10) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 11) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 12) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 15) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 17) тармақшасы	136-баптың 8-бөлігі	
БАРЛЫҒЫ	14 445	6 057	404	61	69	53	2384	22	54	1835	51	411	593	101	
МСА саласында	1 238	587	100	3	4	6	128	2	5	155	3	16	161	4	
Астана	243	150	9	3		1	17			21		3	96		
Алматы	129	63	8				13	1	1	20	1	3	12	4	
Ақмола	45	21					7			7			7		
Ақтөбе	34	12					3			8		1			
Алматы облысы	94	59	12			1	9			16			21		
Атырау	33	19	4		1	1	4			5		1	3		
ШҚО	55	21	4		1		11			1	2		2		
Жамбыл	72	27	11				11		1	1			3		
БҚО	38	14	5				4			2		2	1		
Қарағанды	85	34	4				8			19			3		
Қостанай	58	25	7		1	1	4			10		2			
Қызылорда	63	25	8				6			10			1		
Маңғыстау	50	15	3			2	3		1	5			1		
Павлодар	44	12	2				2			6			2		
СҚО	24	6								5		1			
Түркістан	66	39	11		2		9		2	6		1	8		
Шымкент	105	45	12				16	1		13		2	1		

2022 жылы МАЭС барлығы 808 талап қоюды қайтарды, соттылығы бойынша жолдағаны – 55.

келіп түскені	қайтарылғаны	МСА бойынша	ӨРПК-нің 138-бабында көзделген негіздер бойынша:												
			138-баптың 2-бөлігінің 1) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 2) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 4) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 5) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 6) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 7) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 10) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 11) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 12) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 15) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 17) тармақшасы	136-баптың 8-бөлігі	
28852	10879	808	193	-	12	7	205	2	5	241	2	26	114	1	

ӨРПК бойынша қарауға жатпайтын ретінде көбірек қайтарылған талап қоюлар – 241 (29,8%).

ӨРПК-нің 138-бабы 2-бөлігінің 6) тармақшасы бойынша кері қайтарылғандар – 205 (25,4%).

Сотқа дейінгі тәртіптің сақталмауына байланысты – 193 (24 %).

Соттылыққа жатпайтыны бойынша – 114 (14%).

Өңірлерде 2022 жылы қайтарулар бойынша ахуал:

өңірлер	келіп түскені	қайтарылғаны	оның ішінде ӨРПК-іде көзделген 138-баптың негіздері бойынша::												
			138-баптың 2-бөлігінің 1) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 2) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 4) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 5) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 6) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 7) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 10) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 11) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 12) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 15) тармақшасы	138-баптың 2-бөлігінің 17) тармақшасы	136-баптың 8-бөлігі	
БАРЛЫҒЫ	28 852	10879	636	85	290	117	4418	63	72	3326	98	923	628	166	
оның ішінде МСА саласындағы талап қоюлар бойынша	1545	808	193		12	7	205	2	5	241	2	26	114	1	
Астана	298	158	18		6		25	1	2	51		4	51		
Алматы	154	53	21		2	2		1	1	15		4	6	1	
Ақмола облысы	33	19	1				9			8		1			
Ақтөбе облысы	29	18	4				8			4		2			
Алматы облысы	116	63	34				7			9		1	12		
Атырау облысы	34	14			1	1	4			7			1		
ШҚО	68	31	4				11			15			1		
Жамбыл облысы	64	34	10				16			5		1	2		
БҚО	36	21	2				7			8		2	2		
Қарағанды облысы	117	62	15		2		14			22		1	8		
Қостанай облысы	70	45	14			1	13			13	1		3		
Қызылорда облысы	111	71	36			2	11		1	12	1	3	5		
Маңғыстау облысы	64	20	4				13			2		1			
Павлодар облысы	85	37	2			1	14			17			3		
СҚО	38	21	5				11			5					
Түркістан облысы	76	58	11		1		7		1	23		3	12		
Шымкент	128	68	11				32			14		3	8		

Абай облысы	5	2				1			1			
Жетісу облысы	15	10	1			1			8			
Ұлытау облысы	4	3				1			2			

ӘРПК-нің 3-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес ол ішкі әкімшілік рәсімдерді, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Әкімшілік органдардың нақты тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе күшін жоюға, заңдық мәні бар әрекеттер жасауға бағытталған заңды билік шешімін қабылдауға, оның күшін жоюға, өзгертуге, орындауға байланысты қызметі ӘРПК-нің құқықтық реттеу мәні болып табылады.

1. № 5 ЖСНҚ-ның 1-тармағының мағынасын негізге ала отырып, соттардың өнім берушіні таңдау және МСА туралы шарт жасасу процесінде туындайтын, қарау тәртібі ӘРПК-нің нормаларымен реттелетін даулардың және мемлекеттік сатып алу туралы шарттан туындайтын, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатын даулардың аражігін ажыратқаны жөн.

Соттарға МСА туралы шарттан туындайтын, атап айтқанда, а) тапсырыс берушінің шартты бұзу туралы хабарламаны жіберу туралы әрекеттерін; б) жауапкердің шартты бұзу жөніндегі шараларды қабылдамау жөніндегі әрекетсіздігін тану және оны бұзуға міндеттеу; в) шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы хабарламаны; г) осындай хабарламаны жіберу жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тану және күшін жою туралы талап қоюлар түсті.

Соттардың мұндай талап қоюларды қайтаруы даулардың әкімшілік органдардың нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өкілеттіктеріне орай бір тараптың (өнім беруші) екінші тарапты (тапсырыс беруші) әкімшілік немесе өзге де билікпен бағындыруына немесе тәуелді болуына негізделмеуінен туындаған. Қаралып отырған жағдайда мәлімделген талаптар тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған шарттың талаптары бойынша дауды қамтиды, бұл олардың арасындағы жария-құқықтық қатынастарды жоққа шығарады.

Мұндай жағдайларда талап қоюлар ӘРПК-нің іс жүргізу тәртібі АПК-іде көзделген істер әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайтыны көзделген 3-бабы жетінші бөлігінің 2) тармақшасы бойынша заңды түрде қайтарылды.

2. Талап қоюшылар жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп пен аудиторлық қорытындыға дау айтқан және соттар мұндай талап қоюларды қайтару туралы қорытындыға негізді түрде келді.

Қысқа уақыт ішінде МАЖҚБ туралы заңның 19-бабына бірнеше мәрте енгізілген түзетулерге байланысты осы даулардың соттылығы туралы сұрақтар туындағанын атап өткен жөн.

Атап айтқанда, осы бап 2021 жылғы 1-6 шілде аралығында, МАЖҚБ органдары осы баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес басқа МАЖҚБ органдары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін, *егер оларды сот Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес заңсыз деп танымаса*, таниды деп көзделген.

2021 жылғы 6 шілдеден бастап, бұл норма дауларды азаматтық процестік юрисдикцияға ауыстыру арқылы өзгертілді, бұл, осы Талдау авторларының пікірінше, заңды логика тұрғысынан негізді болып табылады, өйткені, аудиторлық қорытынды² мен аудиторлық есеп³ бірінші жағдайда аудиторлардың тұжырымдары мен ұсынымдарын, екіншісінде, аудит нәтижелерін қамтиды. Бұл ретте, осы құжаттарда⁴ әкімшілік актінің⁵ міндетті өлшемшарттары жоқ.

Сонымен қатар, соттар МАЖҚБ туралы Заңның 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қаржылық бақылаудың ден қою шараларының бірі, барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы **нұсқама шығару** болып табылатынына назар аударуы қажет.

Бұдан басқа, осы Заңның 58-4-бабының 7-тармағы апелляциялық комиссияның шешімдеріне МАЖҚБ саласындағы уәкілетті органның шағымдану құқығын көздейді.

Апелляциялық комиссияның мұндай нұсқамалары мен шешімдеріне дау айту, егер олар әкімшілік актінің, әрекеттің (әрекетсіздіктің) өлшемшарттарына сәйкес келсе, МАЖҚБ органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының⁶ әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту сияқты әкімшілік сот ісін жүргізуде жүзеге асырылады.

² аудиторлық қорытынды – аудиторлық есептер және (немесе) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептер негізінде жасалатын, тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтитын және өз өкілеттіктері шегінде Жоғары аудиторлық палатаның, тексеру комиссиясының қаулысымен, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітілетін құжат (*МАЖҚБ туралы 22-бабының 3) тармақшасы*);

³ қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп – мемлекеттік аудитті тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, қаржылық есептіліктің анықтылығы, сондай-ақ, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы жазбаша нысанда білдірілген пікірді қамтитын құжат; аудиторлық есеп – мемлекеттік аудитті тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген тиімділік аудитінің және (немесе) сәйкестік аудитінің нәтижелерін қамтитын құжат (*МАЖҚБ туралы 22-бабының 2) тармақшасы*);

⁵ әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім (*ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы*);

⁶ МАЖҚБ органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін (МАЖҚБ туралы Заңның 60-бабының 1-тармағы)

III. ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ

ӘРПК-нің 102-бабының екінші бөлігіне сәйкес жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, осы Кодексте көзделген даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жатады.

№ 4 ЖСНҚ-ның 2-тармағында МСА қорытындыларына, әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-ға енгізу туралы уәкілетті органның шешімдеріне, сондай-ақ, өткізілген МСА-ны тексеру қорытындылары бойынша уәкілетті органның шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына, хабарламаларына дау айту талап қоюшының тұрғылықты (орналасқан) жері бойынша ӘРПК-нің 106-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылатыны түсіндірілген.

Егер талап қоюшы конкурс қорытындыларын заңсыз деп тану туралы талаппен қатар МСА туралы жасалған шартты жарамсыз деп осы негізбен тануды талап етсе, онда мұндай талап қоюлар ӘРПК-нің 84-бабы үшінші бөлігінің, 155-бабы үшінші бөлігінің, 156-бабы екінші бөлігінің талаптарын ескере отырып, МАЭС-те бірлесіп қарауға жатады.

Талдаудың авторлары жоғарыда келтірілген ЖСНҚ-ның ережелері әкімшілік юрисдикция судьялары үшін өткізілген жедел кеңестер мен семинарларда бірнеше рет көрсетілгеніне назар аударады. Алайда, МСА туралы шарттарды тану бөлігінде талап қою талаптарын қайтару фактілері орын алады, ал олар МСА қорытындыларына шағымдану туралы талап қою талаптарымен бірге қойылған.

№ 4 ЖСНҚ мұндай жағдайда қойылған талаптың шартты жарамсыз деп тану бөлігінде талап қоюшыдан дауды сотқа дейін реттеудің шартта көзделген тәртібін сақтау талап етілмейтінін де көздейді.

Тапсырыс берушінің, МСА-ны ұйымдастырушының, МСА-ны бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, МСА саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, сондай-ақ, уәкілетті орган мен МАЖҚБ органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне әлеуетті өнім берушінің талап қоюлары МАЭС-тің қарауына жатады.

Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларын қолдануға байланысты МСА-ны ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілердің талап қоюлары, сондай-ақ, МСА туралы шарттарды орындаудан туындайтын талап қоюлар МАЭС-тің қарауына жатады.

Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес МСА-ға жосықсыз қатысушы деп танылған әлеуетті өнім берушіні МСА-ға жосықсыз қатысушы деп тану туралы уәкілетті органның шешіміне дау айту туралы талап қоюлар МАЭС-тің қарауына жатады.

IV. МСА-ға ЖОСЫҚСЫЗ ҚАТЫСУШЫ ДЕП ТАНУ ЖӘНЕ ЖҚТ-ға ЕНГІЗУ

Аталған санат бойынша 2021 жылдың екінші жартыжылдығында 281 талап қою келіп түсті, шешім шығару арқылы – 160, оның ішінде талап қоюды қанағаттандыру арқылы – 70 талап қою қаралды, 90 – талап қоюдан бас тартылды, 69-ы қайтарылды.

Кассациялық тәртіппен 2022 жылдан ауысқан 9 өтінішхат келіп түсті.



2022 жылы 162 талап қою келіп түсті (қалдық – 51), шешім шығару арқылы – 104-і қаралды, оның ішінде талап қоюды қанағаттандыру арқылы – 65, талап қоюдан бас тарту арқылы – 39, қайтарылғаны – 75.

Кассациялық тәртіппен 72 іс келіп түсті, оның ішінде 21 шешімнің күші жойылды, оның ішінде жаңа шешім шығарылғаны – 10, қабылданған сот актілерінің біреуі күшінде қалдырылғаны – 8, апелляциялық сатыдағы қаулылардың өзгеріссіз қалдырылғаны – 57, жаңадан қарауға жіберілгені – 2.

Сонымен қатар, осы санаттағы істер бойынша 2021 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 2022 жылдың екінші жартыжылдығында талап қоюлар санының төмендеуінде тұрақты үрдіс байқалды. Бұл МСА саласындағы заңнаманың өзгеруіне байланысты болды – 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап тапсырыс берушінің тарапында құрылатын келісу комиссияларында дауларды реттеудің міндетті сотқа дейінгі тәртібі көзделген.

Бұдан басқа, талап қоюлар ағынының төмендеуіне ҚР ЖС ӘІСА-ның сот практикасы және оның бастамасымен әзірленген Қаржы министрлігімен бірлескен жоспар ықпал етті, оның шеңберінде Қазынашылықтың 30-дан астам кассациялық шағымдары кері қайтарылды.

Кезеңдер мен сатылар бойынша қанағаттандырылған талап қоюлардың үлесі:



Сот талқылауы басталғанға дейін судья дауды мүмкіндігінше бір сот отырысы барысында шешу үшін қажетті барлық әрекеттерді, өкімдерді жүргізеді. Алдын ала тыңдауда сот әкімшілік процеске қатысушылардың құрамы туралы мәселені шешеді.

Өзінің құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін сот актісі қозғаған немесе қозғауы мүмкін тұлға мүдделі тұлға болып танылады.

Мүдделі адамдар соттың бастамасы бойынша не әкімшілік процеске қатысушының өтінішхаты бойынша әкімшілік іске қатысуға тартылуы мүмкін. Бұл ретте, сот ұйғарымы прокурордың өтінішхаты бойынша шағым жасауға және қайта қарауға жатпайды.

Осы санаттағы істерді зерделеу кейбір жергілікті соттар «Электрондық қаржы орталығы» АҚ («ЭҚО» АҚ) операторын мүдделі тұлға ретінде тартатынын көрсетті, ал жоғарыда аталған заңнама

нормаларымен көрсетілген тұлғаға әкімшілік актіні (бұйрықты) қабылдау және тізілімді қалыптастыру, конкурстар өткізу және жеңімпазды анықтау бойынша қандай да бір өкілеттіктер жүктелмеген. Тізілімді уәкілетті орган қалыптастырады (Заңның 12-бабының 1-тармағы).

Басқа соттар мемлекеттік сатып алу веб-порталында іркілістің болуы туралы, шартқа қол қою кезеңінде әлеуетті өнім берушінің веб-порталда әрекеттерді жасауы туралы мәселелерді анықтау үшін соттың белсенді рөлі шеңберінде «ЭҚО» АҚ-ға сұрау салуды жіберумен шектеледі (ӘРПК-нің 130-бабының 2-бөлігі). Бұл ретте, осы тұлға мүдделі тұлға ретінде тартылмайды.

Соңғы ұстаным неғұрлым дұрыс болып табылады.

ӘРПК-нің 3-бабы 7-бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген істер әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

«Самұрық Қазына Контракт» ЖШС-нің электрондық сатып алулардың ақпараттық жүйесінде Холдингті сенімсіз әлеуетті жеткізушілер тізбесіне енгізу туралы бұйрықтарына дау айтуға келсек, келесіні атап өткен жөн.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы Заңы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілгенге дейін мұндай даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпады.

Осыған байланысты жергілікті соттардың «Самұрық Қазына Контракт» ЖШС бұйрығына дау айтуға байланысты құқықтық қатынастар жария-құқықтық сипатқа ие деген пікірі қате. Сол кездегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес, «Самұрық Қазына Контракт» ЖШС әкімшілік орган болып табылмайды, әкімшілік актіні қабылдау, жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік әрекетті жасау жөнінде өкілеттік берілмеген.

Демек, «Самұрық Қазына Контракт» ЖШС-ның дау айтылған бұйрықтары әкімшілік актілер болып табылмайды, Холдинг субъектілері мен «Самұрық Қазына Контракт» ЖШС арасындағы өзара қарым-қатынастар жеке-құқықтық сипатқа ие.

Тұжырымдар мен ұсыныстар:

Талдау уәкілетті органның ЖҚТ-ға енгізу жөніндегі әрекеттеріне дау айту туралы дауларды қарауда жалпы тәсілдер байқалғанын көрсетті.

а) сот талқылауы барысында сот әкімшілік қалау шектерінің артып кетпеуін және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әкімшілік актіні қабылдау мақсаттарына сәйкестігін (мөлшерлестігін) тексеруге міндетті.

б) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 13-бабына сәйкес құқық бұзушылықтардың алдын алудың және кәсіпкерлік

субъектісінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды орындау уәждемесінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану алдында басымдығы бар. Кәсіпкерлік субъектісі жасаған құқық бұзушылық үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары оның сипатына және ауырлығына сәйкес болуға тиіс.

с) соттар осы санаттағы даулар бойынша «ЭҚО» АҚ-ны мүдделі тұлға ретінде қате тартқан.

V. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТӘРТІП

ЖҚТ-ға енгізу жөніндегі бұйрықтарға дау айту

Әкімшілік рәсімдердің міндеттері: жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

Егер заңда дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі белгіленсе, осы тәртіп сақталғаннан кейін сотқа жолданым беруге болады (ӘРПК-нің 9-бабының 3-бөлігі).

ӘРПК-нің 91-бабының 1 және 5-тармақтарына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

МСА туралы Заңның 12-бабының 6-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның оны осы баптың 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген, МСА-ға жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешімімен келіспеген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-ға енгізу туралы өзіне мәлім болған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган айқындаған тәртіппен келісу комиссиясына жүгінуге құқылы.

Келісу комиссиясы МСА туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушінің жолданатынын қарайды және мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-дан алып тастау не алып тастаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-дан алып тастау туралы шешім қабылданған жағдайда, тапсырыс беруші уәкілетті органға жүгінеді.

Уәкілетті орган келісу комиссиясының шешімін ескере отырып, әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-дан алып тастау туралы шешім шығарады.

Бүгінгі күні келісу комиссиясының өкілеттігіне әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарау және бұйрық шығаруға негіз болған мән-жайларды анықтау және дәлелді себептер кіреді, бұл одан әрі сотқа талаптармен жүгіну қажеттігін болдырмауы мүмкін.

ӨРПК-нің 91-бабы 5-бөлігінің талаптарына сәйкес, егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № 176 бұйрығымен Келісу комиссиясының үлгі ережесі бекітілді.

Келісу комиссиясына жүгінудің түпкілікті мерзімі оны МСА-ға жосықсыз қатысушы деп таныған күннен бастап 60 күнтізбелік күнге белгіленді.

Сонымен қатар, әлеуетті жеткізушілер дауды сотқа дейін реттеу мүмкіндігінен айырылғанына сілтеме жасай отырып, келісу комиссиясына жүгіну үшін мерзімді өткізіп алып, сотқа жүгінетін жағдайлар орын алады.

Келісу комиссиясына жүгіну үшін мерзімді өткізіп алу әлеуетті өнім берушіге дауды сотқа дейінгі тәртіппен міндетті түрде реттемей сотқа жүгіну мүмкіндігі туралы пайымдауға негіз береді.

Мұндай практиканы құру ықтимал өнім берушілер тарапынан өзінің сот арқылы қорғау құқығын теріс пайдалануға, сондай-ақ, сотқа түсетін талап қоюлардың ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

ӨРПК-нің 92-бабының 2-бөлігінде әкімшілік рәсімге қатысушының шағымды қарайтын органға шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатты беру құқығы көзделген.

Бұл жағдайда келісу комиссияларының әлеуетті өнім берушінің жүгіну мерзімін мәні бойынша шешім қабылдау үшін қалпына келтіру құқығын көздей отырып, МСА туралы заңнамаға өзгерістер енгізу ұсынылады. Осылайша, әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің келісу комиссиясына жүгіну құқығы емес, міндеті дауды сотқа дейінгі реттеу институтын нығайтып, бюджет қаражатын уақтылы игеру бойынша шығындарды болдырмайды.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 5-тармағында осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі (жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің (екінші орын алған әлеуетті өнім берушілердің) уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Заңның 43-бабының 3-бөлігіне сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы қоса берілген хабарлама мемлекеттік сатып алу веб-порталына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландыруға тиіс.

Заңның 44-бабының 1-тармағында, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (ол болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады деп көзделген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларының 22-тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа веб-портал арқылы қол қоймаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның веб-портал арқылы қабылдаған шешімімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне автоматты түрде енгізіледі.

Осылайша, әлеуетті өнім беруші:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталына шарт жобасын қоса бере отырып, хабарлама келіп түскен күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде МСА шартына қол қойылмаған кезде;

2) егер МСА туралы шарт жасасқаннан кейін әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылады.

Уәкілетті органның бұйрығы ауыртпалық салатын әкімшілік акт болып табылады.

ЖСНҚ-да мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруға байланысты әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы уәкілетті органның шешімдеріне шағымдану туралы әкімшілік талап қоюларды қарау кезінде соттар мемлекеттік сатып алу жеңімпазының шартқа қол қою міндетін белгілейтін Заңның 43-бабы 3-тармағының талаптарын негізге алуы тиіс делінген.

Шартқа қол қойылмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші оған қол қою үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын, бірақ, объективті, оның еркіне байланысты емес мән-жайларға байланысты оған қол қоя алмағанын дәлелдеуге тиіс.

ӘРПК-нің 2-тарауына сәйкес әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу қағидаттарының бірі әкімшілік актінің, әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) мөлшерлестігі болып табылатынын атап өту қажет.

ӘРПК-нің 10-бабына сәйкес әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни, жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс.

Заңның 12-бабы 5-тармағының ережелері уәкілетті органның әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп тану туралы шешімі автоматты түрде қабылданатынын белгілемейді.

Дау айтылатын бұйрықтарды автоматты түрде қалыптастыру туралы дәлелдер әділдік пен мөлшерлестік сияқты әкімшілік әділет қағидаттарына жауап бермейді.

Уәкілетті орган объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әлеуетті өнім берушіге оның әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті (ӘРПК-нің 8-бабының 1-бөлігі).

Соттар АҚ-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауаптылықтың негізі ретінде өнім берушінің кінәлілік дәрежесін және АПК-нің 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы тиіс.

Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

Мемлекеттік сатып алуға тапсырыс беруші үшін әлеуетті өнім берушінің әрекеті қандай да бір жағымсыз салдарға әкеп соқтырған-соқтырмағанын анықтау қажет. Шарт жасасу бойынша заңнама талаптарын тиісінше орындау үшін конкурс жеңімпазы барлық ықтимал шараларды қабылдады ма (шартты уақтылы және тиісінше орындау үшін барлық қажетті рұқсат беру құжаттары мен ресурстар бар ма, шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық сомасы енгізілді ме).

Шартқа қол қоюдың мүмкін еместігі әлеуетті өнім берушінің еркімен байланысты емес мән-жайлармен байланысты ма (еңбекке жарамсыздық парағы бойынша ауруханада болу, заңды тұлға басшысының іссапарға шығуы, офисте электр энергиясының болмауы, қолжетімділіктің өзге нүктесінен қосылудың мүмкін еместігі).

Шартқа қасақана қол қойылмады ма; жауапты қызметкердің кінәсінен бе. Нақты және заңдық маңызы бар әрекеттер шындығында жасалатын шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге бағытталды ма; шарт жасасудан жалтаруға бағытталған әрекеттер жасалды ма. Әлеуетті өнім беруші отандық

өндіруші, адал кәсіпкер болып табылады ма, еңбек орындарының болуын, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін (мүгедектігі бар қызметкерлер) қамтамасыз етеді ме, шартты орындау үшін жұмыс тәжірибесі үлкен бе, еңбек және материалдық ресурстары бар ма, мемлекеттік сатып алудың адал қатысушысы болып табыла ма (шарттар орындалған ба, қолданыстағы шарттар бар ма).

Мысалы, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізген. Сатып алу қорытындылары туралы хаттамамен «А» ЖШС конкурс жеңімпазы деп танылды. Тапсырыс беруші Серіктестікке веб-портал арқылы үш жұмыс күні ішінде МСА туралы шартты қол қоюға жіберді. Белгіленген мерзімде өнім беруші шартқа қол қоймаған.

Уәкілетті орган Серіктестікті шарт жасасудан жалтарған ретінде ЖҚТ-ға енгізілген бұйрықты веб-портал арқылы қалыптастырған.

Серіктестік Қазынашылық комитетінің бұйрығын даулай отырып, талапты мемлекеттік сатып алу жөніндегі жауапты тұлға - — менеджердің дербес компьютерінің техникалық ақаулығына байланысты шартқа қол қойылмағандығымен негіздеген.

Бірінші сатыдағы сот талап қоюды қанағаттандырып, бұйрықтың күшін жойды. Тұжырымдарын Серіктестіктің шартқа қол қоюдан жалтару ниетінің жоқтығымен негіздеген.

Апелляциялық сатының қаулысымен талап қоюдан бас тарту туралы жаңа шешім шығарыла отырып, сот шешімінің күші жойылды. Алқаның тұжырымы бойынша шартқа қол қоюға кедергі келтірген себептердің дәлелдігін куәландыратын жеткілікті дәлелдемелер жоқ.

Кассациялық сатының қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі күшінде қалдырылды.

Құрылғы сервистік қызметте жөндеуде болғаны және шартқа қол қою мерзімі өткеннен кейін берілгені анықталды. Бұдан басқа, веб-порталды келісу журналынан Серіктестік соңғы әрекетті тапсырыс беруші шарт жобасын жолдаған күні жүргізгенін, өнім берушінің деректемелеріне өзгерістер енгізгенін және шартты бекіткенін көруге болады. Кейіннен шартқа қол қоюдың соңғы мерзіміне дейін веб-порталда әрекеттер жүзеге асырылмаған.

Тағы бір мысал.

«Ф» ЖШС 477 552 теңге сомаға 24 дана саусақ іздерін биометрикалық оқу құрылғысын сатып алу жөнінде МСА бойынша конкурстың жеңімпазы деп танылған.

Тапсырыс беруші үш жұмыс күні ішінде қол қою үшін МСА туралы шартты талап қоюшыға жіберген. Алайда, жеңімпаз белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаған. Қазынашылық комитетінің бұйрығымен Серіктестік ЖҚТ-ға енгізілген.

Сот шешімімен талап қою қанағаттандырылды, бұйрықтың күші жойылды. Апелляциялық сатыда сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды. Сот актілері кассациялық тәртіппен күшінде қалдырылды.

Істің мән-жайы бойынша: келісу журналында жеңімпаздың келісімді бекіткені жазылған. Алайда, әлеуетті өнім беруші шартқа пандемия кезінде медициналық бұйымдарды жеткізу бойынша жүктемесі көп болған оның жауапты қызметкерінің кінәсінен қол қоймаған (істе түсініктеме бар). Қызметкер тәртіптік жауаптылыққа тартылып, (жаза қолдану туралы бұйрық) кейіннен жұмыстан шығарылды. Алайда, Серіктестіктің шарт жасасудан жалтаруға ниеті болмаған.

Шарт жасасу сәтінде әлеуетті өнім берушінің қоймасында көрсетілген тауар 100 данада болған. Оған ұқсас тауар еліміздің басқа өңірлеріндегі полиция органдарының бөлімшелеріне жеткізілген.

Іс материалдары бойынша Серіктестіктің адал кәсіпкерлік субъектісі, медициналық бұйымдарды отандық өндіруші болып табылатыны, СТ-KZ Тауардың шығу тегі сертификаты бар екені байқалады. 2020 жылы олар 8 775 000 теңге сомаға 5 шарт жасасып, оны уақытында орындаған; 2021 жылы олар 56 357 920 теңге сомаға қолданыстағы 14 шартты жасасқан. Бұл шарттар қол қойылмаған шарттарға ұқсайды және Серіктестікке оны орындау ешқандай қиындық туғызбас еді.

Серіктестік 13 адамды жұмысқа орналастырған. ЖШС салық және өзге де міндетті төлемдерді уақытында төлейді, мемлекеттік бюджет алдында берешегі жоқ.

Әлеуетті өнім берушінің ғана емес, тапсырыс берушінің де кінәлілік дәрежесін ескеру қажет.

Заңның 43-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тапсырыс беруші жеңімпазға баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен МСА жеңімпазын анықтаған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде шарттың жобасын жолдауға міндетті.

Әлеуетті өнім беруші «К» ЖК 24 427 теңге сомасына сабынды жеткізу бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен анықталған жеңімпаз болып танылды. Уәкілетті органның бұйрығымен ЖК МСА-ға жосықсыз қатысушы болып танылды және шартқа қол қоймағандықтан ЖКТ-ға енгізілді.

Жеңімпаздың шартқа қол қою мерзімі 2021 жылдың 19 шілдесінде аяқталған. Келісу журналында ол келісімді 2021 жылғы 28 маусымда сағат 16:51:17-де бекіткен.

Тапсырыс беруші жеңімпазға шартты 16 күннен кейін – 2021 жылдың 14 шілдесінде жолдаған. Тауар өнім берушіде қажетті мөлшерде болған. Шартқа оның қызметкерінің кінәсінен, шартқа қол қою мерзімдерін есептеу кезіндегі қателіктерге байланысты қол қойылмаған.

Тапсырыс беруші жеңімпазға Заңда көзделген мерзімдерді бұза отырып, шартты жолдағандықтан, сот талап қоюды қанағаттандырып, бұйрықтың күшін жойды.

Жоғары тұрған саты шешімнің күшін жойып, талап қоюдан бас тарту туралы жаңа шешім шығарды. Кассациялық саты сот шешімін күшінде қалдырды.

Заңның 43-бабының 9-тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген күннен бастап, он жұмыс күні ішінде МСА туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ, осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (болған кезде) енгізуге міндетті.

Бұл ретте, тапсырыс беруші МСА туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткен күннен бастап, екі жұмыс күні ішінде өнім берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы осы шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жібереді. Егер өнім беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарламаны алған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде МСА туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші осы шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

Әлеуетті өнім беруші «И» ЖК «Дезинфекциялау құралын (қолға арналған антисептик) сатып алу» баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жеңімпаз деп танылған.

2021 жылғы 23 қыркүйекте тапсырыс беруші мен жеңімпаз арасында жалпы сомасы 500 000 теңгеге МСА туралы шарт жасалған. Алайда, Заңда белгіленген мерзімде 15 000 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізу міндеті орындалмаған.

Осыған байланысты Қазынашылық комитеті ЖК-ны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы бұйрық шығарады.

Алайда, бұйрық шығарған кезде уәкілетті орган шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізу үшін берілген мерзім кезеңінде болған субъективті мән-жайларды ескермеген (ескерілмеген). ЖК 2021 жылғы 29 қыркүйекте оң жақтағы жамбас сүйегінен тізе буынының жабық сынуы түрінде жарақат алып, 2021 жылғы 27 қазанға дейін емделуде болғандықтан, сома енгізілмеген (амбулаториялық пациенттің медициналық картасы және анықтама зерттелді). Осы себептен қозғала алмағандықтан, 2021 жылдың 16 қазанына дейін веб-порталға баруға мүмкіндігі болмаған. «Келісу журналындағы» ақпаратқа сәйкес, әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу порталында 2021 жылдың 16 қазанында ғана әрекет еткен. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлемі 2021 жылдың 18 қазанында жүргізілген.

Сот жарақат оның қозғалуына кедергі келтіргендіктен, қамтамасыз ету сомасы талап қоюшыға байланысты емес себептермен енгізілмеген деген тұжырымға келді. ЖК адал салық төлеуші болып табылады, ЖҚТ-

да бұрын тұрмаған, дезинфекциялау құралдарын өндіру жөніндегі отандық өндіруші болып табылады, бюджетке салықтар төлейді.

Сотқа шарт бойынша қамтамасыз етуді енгізбеу салдарынан тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдардың басталғаны туралы дәлелдемелер ұсынылмаған.

Сот шешімімен талап қою қанағаттандырылды, апелляциялық сатының қаулысымен сот актісі күшінде қалдырылды. Сот актілеріне кассациялық тәртіппен шағым жасалған жоқ.

Шарттың талаптары бойынша орындауды қамтамасыз ету сомасын өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін.

«К» ЖШС 2021 жылдың 4 мамырында тапсырыс берушімен көктайғаққа қарсы 158 тонна реагент жеткізу туралы шартқа қол қойылған. Шарт сомасы – ҚҚС-ты есептегенде 22 509 312 теңге. ЖШС уәкілетті органның бұйрығымен 675 279,36 теңге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеуіне байланысты шарт жасасудан жалтарған деп танылған. Қамтамасыз етуді енгізу мерзімі 2021 жылғы 20 мамырда аяқталған.

Бұйрық шығарылған кезде уәкілетті орган барлық елеулі мән-жайларға баға берген жоқ.

Байқаудың жеңімпазы атанған Серіктестік тауарды жеткізуді жүзеге асыруға ниеті болған, бұл үшін барлық қажетті мүмкіндіктер - химиялық реагенттер бойынша өз өндірісі болған. Серіктестік шарт бойынша қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін тауарды мерзімінен бұрын жеткізу жөнінде шаралар қабылдаған.

Келісу журналына сәйкес, өнім беруші 2021 жылдың 11 мамырында тапсырыс берушіге тауардың жеткізілетіні туралы хабарлаған. 2021 жылғы 28 мамырда өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды мерзімінен бұрын жеткізу туралы осыған ұқсас хатты жолдаған.

2021 жылғы 9 маусымдағы қабылдау-тапсыру актісінен тауардың толық көлемде тапсырыс берушіге жеткізілгені және тапсырылғаны анықталады. Тауардың нақты осы көлемі кейіннен тапсырыс берушіге екінші әлеуетті өнім беруші «Х» ЖШС-ның атынан жеткізілген.

Мұндай жағдайларда жергілікті соттар Серіктестіктің оны орындауды қамтамасыз етуді енгізбеу жолымен шарт жасасудан жалтаруға ниеті жоқ деген тұжырымға келген.

Жоғары тұрған сатылар өзгеріссіз қалдырған сот шешімімен талап қою қанағаттандырылды, уәкілетті органның бұйрығының күші жойылды.

ЖСНҚ-ның 11-тармағында уәкілетті органның әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару негізі бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы бұйрығының күшін жою туралы әкімшілік талап қойылған кезде, тапсырыс беруші ӘРПК-нің 129-бабы екінші бөлігінің 1)

тармақшасына сәйкес ол шарт жобасын және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны жібергені туралы дәлелдемелерді ұсынуға міндетті делінген. Мемлекеттік сатып алудың веб-порталына әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарламаның (веб-порталдан алынған шартты келісу журналы) келіп түскендігінің дәлелдемелері не оның шарт жобасын және (немесе) заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны жіберу жөніндегі міндетті орындамауының себептері болған кезде тапсырыс беруші не бірыңғай ұйымдастырушы шартты жіберу бойынша міндетті тиісті түрде орындады деп есептеледі.

Тапсырыс берушінің МСА туралы шарттың жобасын әлеуетті өнім берушіге жіберу және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарлама бойынша өзіне жүктелген міндетті орындамауы уәкілетті органның әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-ға енгізу туралы бұйрығының күшін жою туралы әкімшілік талап қоюды шарт жасасудан жалтару негізі бойынша қанағаттандыру үшін негіз болып табылады.

Заңның 38-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратта көрсетілген сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипаттамаларын сипаттаудағы Тапсырыс беруші жасасуға ұсынған шарт жобасының нақты талаптарына сәйкес келмеуі Нормативтік қаулының 11-тармағының 4-бөлігіне сәйкес әлеуетті өнім берушіні шарт жасасудан босатады және әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтару негізі бойынша мемлекеттік сатып алуға ЖҚТ-ға енгізуді болдырмайды.

Әлеуетті өнім берушінің бұрын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы (егер бұрын тізілімде болмаса, онда бұл АҚ-нің 8-бабына сәйкес азаматтық құқықтардың адал жүзеге асырылғанын куәландырады).

Алайда, тапсырыс беруші үшін мемлекеттік сатып алулар мәні - жұмыстарға бюджеттен бөлінген қомақты сомаларды уақтылы игермеу, тапсырыс беруші жоспарлаған уақыттың белгілі бір маусымында оларды уақытында орындаудың маңыздылығы сияқты теріс салдардың басталуын ескеру; сатып алулар стратегиялық маңызды объектілерді жарақтандыру (қамтамасыз ету) үшін жүргізілетінін ескеру қажет.

Заңның 26-бабына сәйкес әлеуетті өнім беруші ұсынған, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын шекті мәннен төмен болып табылатын баға демпингтік баға деп танылады.

Осылайша, «АР» ЖШС «Қаратал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің «Алматы облысы Қаратал ауданының Үштөбе қаласында аумақты

жөндеу/абаттандыру – Спорт алаңын орнату» жұмыстарын орындауға 5 071 167 теңге сомасында жариялаған ашық конкурс тәсілімен жеңімпаз болып танылды. Жеңімпаз 2 888 000 теңгенің демпингтік бағасын ұсынды.

2021 жылғы 2 маусымда тапсырыс беруші мен жеңімпаз арасында МСА туралы шарт жасалды. «АР» ЖШС тапсырыс берушінің банк шотына 86 640 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізді.

Алайда, «АР» ЖШС Заңның 26-бабына сәйкес шарт жасалған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде 2021 жылғы 16 маусымға дейінгі мерзімде 1 168 933,60 теңгеге тең демпинг сомасын енгізуге міндетті болды.

Осы шартты орындамауына байланысты Серіктестік Қазынашылық комитетінің бұйрығымен ЖҚТ-ға енгізілді.

Жергілікті соттар талап қоюды қанағаттандырды, дау айтылған бұйрықтың күшін жойды. Кассациялық тәртіппен жаңа шешім шығарылды, талап қоюдан бас тартылды.

Кассациялық сатының тұжырымдары бойынша кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады. (АК-нің 10-бабы). Серіктестік мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаудың кепілі болып табылатын соманы енгізу міндеттілігін көздейтін Заңның 26-бабының талаптарын бұзған.

Камералдық бақылау нәтижелеріне дау айту туралы

ӘРПК-нің 100-бабының 5-бөлігіне сәйкес, егер шағымды қарайтын орган ӘРПК-іде белгіленген мерзімдерде шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдамаса, онда мерзімдер өткен күннен бастап шағымды қарайтын орган шағымды қанағаттандырудан бас тартты деп есептеледі.

Заңның 47-бабының 1-тармағында, егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы екендігі регламенттелген.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (МАЖҚБ туралы Заң) белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Уәкілетті орган мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ, шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады (МСА туралы Заңның 18-бабы).

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ақпараттық жүйелердің деректерін, сондай-ақ, мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдау және салыстыру негізінде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектісі) бармай жүзеге асыратын бақылаудың өзге нысаны - – камералдық бақылауды жүргізеді.

Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидалармен (бұдан әрі - – № 598 Қағида) регламенттелген.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалғанға дейін жүргізіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (ІМАД) анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, № 598 Қағидаларда белгіленген нысан бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны рәсімдейді және мемлекеттік аудит объектілеріне жібереді және веб-порталда автоматты түрде тіркейді.

Хабарлама бұзушылықтар анықталған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде веб-портал арқылы мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі. ІМАД шешімін мемлекеттік аудит объектісі, ол мемлекеттік аудит объектісіне тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап, он жұмыс күні ішінде орындайды.

Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші оған Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен апелляциялық комиссияға шағым жасауға құқылы (Заңның 47-бабының 7-тармағы).

Заңның 47-бабының 8-тармағы сотқа дейінгі реттеу шеңберінде әлеуетті өнім берушіге жоғары тұрған органға не сотқа жүгінуге таңдау құқығын береді (Уәкілетті органның шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.).

Әлеуетті өнім беруші конкурс қорытындыларына веб-портал арқылы дау айтқан жағдайда ІМАД-ға шағыммен жүгінеді, осылайша дауды сотқа дейін реттеу сақталады.

Егер ІМАД-ға шағыммен жүгіну мерзімдері өткізіліп алынған жағдайда, шағым Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит шеңберінде қаралады.

Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда камералдық бақылау объектісі үшін дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу міндеті Заңның 47-бабының 9-тармағында көзделген.

МАЖҚБ туралы Заңның 58-1-бабының мазмұнынан аудиторлық есепке қарсылықтарды, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) келтірілген шағымды ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссия қарайтыны туындайды.

Заңның 58-6-бабының 2-тармағына сәйкес осы Заңда көзделген жағдайларда дауларды апелляциялық реттеу міндетті болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші шағым беруге құқылы, ал ұйымдастырушы, тапсырыс беруші қарсылық білдіреді, олар МАЖҚБ туралы Заңның 11-1-тарауында және «Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға қарсылықтарды және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануды қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 302 бұйрығымен бекітілген ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жанындағы апелляциялық комиссия туралы ережеде айқындалған тәртіпте және мерзімде қаралады.

Апелляциялық комиссия қарсылықты немесе шағымды қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) қарсылықты, шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы;

2) осындай шешім қабылдауды негіздей отырып, қарсылықты, шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық комиссияның шешімі жазбаша нысанда шығарылады және мемлекеттік аудит объектісінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

Қарсылықты, шағымды қарау нәтижелерін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган Апелляциялық комиссия шешім шығарған күннен бастап, екі жұмыс күні ішінде ресімдейді. Қарсылықты қарау нәтижелері қорытындымен ресімделеді (№ 598 Қағидалардың 30-тармағы).

Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша Апелляциялық комиссияның шешімдері өтініш берушіге қарсылықты, шағымды қарау

нәтижелері жіберілген күннен бастап, бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылады.

Апелляциялық комиссия қабылдаған шешімге ӘРПК талаптарына сәйкес сотқа шағым жасалады..

Апелляциялық комиссия туралы

Апелляциялық комиссия уәкілетті органның жанынан құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы Апелляциялық комиссияның қызметіне басшылық жасайды және оның отырыстарында төрағалық етеді.

Апелляциялық комиссияның төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын Апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының қызметкерлерін, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша) және салалық қауымдастықтардың (келісім бойынша) өкілдерін қамтитын Апелляциялық комиссияның құрамына кемінде 7 (жеті) адам кіреді:

Апелляциялық комиссияның төрағасы;

Апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары;

Апелляциялық комиссия мүшелері кемінде 5 (бес) адам.

Апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастыруды комиссияның жұмыс органы – уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қамтамасыз етеді.

Жұмыс органы қарсылықты, шағымды, сондай-ақ, шағым жасалатын мәселелерге қатысты басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде қарсылықты, шағымды алған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті материалдарды (шағым жасалатын мәселелер бөлінісінде талдау нәтижелерін, қарсылықтың, шағымның көшірмелерін, сұрау салуларға жауаптарды), оның ішінде «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік құпиялар туралы заң) сәйкес Заңмен қорғалатын құпияға жататын материалдарды қоса бере отырып қарсылықты, шағымды зерделеу және талдау нәтижелері бойынша анықтаманы (бұдан әрі – Анықтама) қалыптастырады және Апелляциялық комиссияның мүшелеріне жібереді.

Материалдар Апелляциялық комиссия мүшелеріне жіберіледі.

Бұрын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 70 бұйрығындағы редакцияда – Ереже жазылғанға дейін Жұмыс органы қарсылықты, шағымды қарау нәтижелері бойынша алдын ала қорытынды жасаған және комиссияның отырысы басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оның мүшелеріне қарсылықты, шағымды қарау нәтижелері бойынша алдын ала қорытындыны және

шағым жасалатын мәселелерге қатысты материалдардың көшірмелерін жіберген.

Апелляциялық комиссия отырысының барысы аудиотіркеу техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі. Отырыс кворум болған жағдайда заңды деп есептеледі. Отырысты өткізу үшін кворум Апелляциялық комиссияның төрағасы мен оның орынбасарын қоса алғанда, Апелляциялық комиссия мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы, оның ішінде электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы отырысқа қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Апелляциялық комиссияның төрағасы немесе оны алмастыратын оның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Апелляциялық комиссия шығарған шешімдер, сондай-ақ, қарсылықтарды, шағымдарды қарау нәтижелері бойынша Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыс беруі оның ішінде, электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы қалыптастырылатын Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасында (бұдан әрі – Хаттама) көрсетіледі.

Жұмыс органы хаттаманы отырыс күнінен кейінгі бір жұмыс күні ішінде қалыптастырады. Хаттамаға отырысқа қатысқан Апелляциялық комиссия мүшелері хаттама жобасын алған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде, оның ішінде, электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы қол қояды.

Апелляциялық комиссияның отырысында екі және одан да көп қарсылықтар, шағымдар бойынша мәселелер қаралған жағдайда, әрбір қарсылық, шағым бойынша жеке Хаттама ресімделеді.

Хаттама тиісті қарсылықтың, шағымның материалдарына қоса тіркеледі.

VI. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРДАҒЫ САЛАЛЫҚ МЕРЗІМДЕР

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 5-бабының 2-тармағына сәйкес тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Қаржы жылы – күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын, бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын уақыт кезеңі (Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 3-бабының 38-тармағы).

Тапсырыс беруші Бюджет кодексінің негізінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылу мерзімін ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін белгілейді.

Тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген (нақтыланған) күннен бастап, *он жұмыс күні ішінде* мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді (нақтылайды).

Тапсырыс берушіде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) бекітілген күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде оны мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастыру міндеті туындайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтер қосылмайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы әзірлейді. Конкурстық құжаттаманы (КҚ) бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің КҚ жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

КҚ жобасына ескертулерді, сондай-ақ, КҚ ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап, *бес жұмыс күнінен* кешіктірмей тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға жіберуі мүмкін (*Заңның 22-бабы*).

Ескертулер, сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы КҚ-ны алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдерді қабылдайды:

- 1) КҚ жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;
- 2) КҚ жобасына ескертулерді және/немесе толықтыруларды қабылдамайды;
- 3) КҚ ережелеріне түсінік береді.

КҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасын веб-порталда орналастыру – шешім қабылданған күннен бастап, бір жұмыс күнінен кешіктірмей.

Конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісу нысаны болып табылады.

КҚ бекітілгеннен, алдын ала талқылау хаттамасы орналастырылғаннан кейін әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өздерінің өтінімдерін ұсынады. Өтінімдерді қабылдау алдын ала талқылау хаттамасы орналастырылған күннен кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынатын мерзімнің соңғы күні – КҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасын және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап, кем дегенде күнтізбелік он бес күн.

Ұйымдастырушы КҚ жобасы бекітілген күннен бастап, үш жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін орналастыруға міндетті.

Қайта МСА-ны өткізуге байланысты МСА туралы шартты орындау мерзімін ұлғайтуды қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қайтадан жүзеге асырған жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын өткізілмеген конкурстың конкурстық құжаттамасының өзгермеуі шартымен, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтін міндетті түрде орналастырылады.

Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келу мәніне өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ресімделеді.

Хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері, сондай-ақ, конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу туралы шешімі конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде қабылданады (Заңның 27-бабының 3-тармағы).

Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді (Заңның 27-бабының 4-тармағы).

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қайтадан қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті өнім берушілердің қайтадан ұсыну мерзімі өткен күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде:

1) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданады және есептейді.

Ашық конкурстың нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы конкурстық комиссияның барлық мүшелеріне және конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық пошта арқылы бір мезгілде хабардар ете отырып, веб-портал автоматты түрде қалыптастырады және орналастырады.

Тапсырыс беруші конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде үлгілік шартқа сәйкес жасалған шарттың жобасын жеңімпазға жібереді.

Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ, Заңның 26-бабына сәйкес соманы (бар болса) енгізеді.

Егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы (Заңның 47-бабының 1-тармағы).

Әлеуетті өнім беруші шағымды конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс.

VII. СОТТАРДАҒЫ ПРОЦЕСТІК МЕРЗІМДЕР

ӘРПК-нің 9-бабының 1 және 2-бөліктеріне сәйкес әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге қарсы бас тарту жарамсыз болады.

МСА-ға қатысушылар ӘРПК-іде белгіленген мерзімде сотқа жүгінуге құқылы.

Әлеуетті өнім берушілер негізінен уәкілетті органдардың шешімдеріне, тапсырыс берушінің, конкурсты ұйымдастырушылардың мемлекеттік сатып алу саласындағы шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ӘРПК-нің 132-бабындағы тәртіппен дау айтады.

Бұл ретте, ӘРПК-нің 136-бабында талап қоюмен сотқа жүгінудің түпкілікті мерзімдері белгіленген.

Дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап, бір ай ішінде сотқа беріледі.

Егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмеген немесе шағымды қарайтын орган болмаса, талап қою әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап немесе осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен назарына жеткізілген кезден бастап, бір ай ішінде беріледі.

Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот АПК қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін сот алдын ала тыңдауда анықтайды.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ, сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады. Алдын ала тыңдауда сот мерзімді өткізіп алу себептерін анықтайды және өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы мәселені шешеді. Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруден бас тартылған жағдайда талап қоюды қайтарады.

VIII. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША КОНКУРС НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШАҒЫМДАНУ

Заңның 47-бабына сәйкес егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамада мынадай:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру туралы;

2) осы Заңның 27-бабы 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес конкурстық комиссияның сұрау салулары туралы;

3) конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде, біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, олар туралы ақпарат;

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

Әлеуетті өнім берушілер конкурстың қорытындыларына:

а) әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін есептеудің негізсіздігі;

b) әлеуетті өнім берушінің материалдық ресурстарға сәйкес келмеуіне байланысты өтінімді қабылдамау;

c) әлеуетті өнім берушінің еңбек ресурстарына сәйкес келмеуіне байланысты өтінімді қабылдамау себептері бойынша дау айтты.

Заңның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірибесінің болуы (әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып танылатын жағдайларды қоспағанда) біліктілік талаптары қойылады.

Әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады (Заңның 9-бабының 3-тармағы).

2022 жылғы 14 қаңтардағы бұйрықпен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары жаңа редакцияда жазылды. Соңғы өзгерістер Қаржы министрінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 1061 және 2022 жылғы 31 қазандағы № 1110 бұйрықтарымен енгізілді.

Қағидалардың 243-тармағында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттар қолданылатыны айтылған:

1) әлеуетті өнім берушіде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) төленген салықтар көрсеткіші;

3) конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде есептелетін қаржылық орнықтылық көрсеткіші;

4) тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оған техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар.

Қағидалардың 244-тармағында конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде конкурстық комиссия осы конкурста сатып алынатын жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайтыны көрсетілген.

Қағидалардың 245-тармағында конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 243-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге

қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды делінген.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда, конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды.

Бұрын неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар қатарында әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтіні көрсетілген Қағидалардың 152-1-тармағының нормалары қолданылған (2022 жылғы 14 қаңтарға дейін).

Әлеуетті өнім берушінің соңғы он жылдағы, оның ішінде, ағымдағы жылдағы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті органның ведомствосы («Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Қазынашылық комитеті» ММ) және оның аумақтық бөлімшелері олардың анықтығы расталғаннан кейін электрондық депозитарийге енгізеді (Қағидалардың 89-тармағы).

Әлеуетті өнім берушілердің электрондық депозитарийге соңғы он жылдағы, оның ішінде, ағымдағы жылдағы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды енгізу туралы өтінімдерін әлеуетті өнім беруші қалыптастырады және веб-портал арқылы береді.

Әлеуетті өнім берушілердің мұндай өтінімдерін уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері он жұмыс күні ішінде қарайды.

Депозитарий де электрондық депозитарийге енгізілген мәліметтерге түзету енгізу жолымен қалыптастырылады.

Қағидалардың 96, 97-тармақтарына сәйкес веб-портал арқылы электрондық депозитарийге енгізілетін, оның жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растау туралы әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушінің әрбір жұмыс тәжірибесі бөлінісінде мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) мәліметтер мен құжаттар осы Қағидалардың 91-93-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келген жағдайларда қабылданатын растау туралы;

2) растаудан бас тарту туралы, ол мынадай жағдайларда қабылданады:

жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің дұрыс емес ақпарат беру фактісін анықтау;

осы Қағидалардың 91-93-тармақтарында көзделген талаптарға мәліметтер мен құжаттардың сәйкес келмеуі.

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар осы Қағидалардың 96-тармағының 1) тармақшасында көзделген шешімді қабылданған жағдайда «Расталды» мәртебесі бар электрондық депозитарийге енгізіледі.

Қағидалардың 102-тармағы осы Қағидалардың 96 және 101-тармақтарында көзделген шешімдерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін екенін регламенттейді.

2019 жылғы қыркүйектен бастап, әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі орындалған жұмыстардың актілерін мемлекеттік сатып алу веб-порталының электрондық депозитарийінде орналастыру арқылы расталады.

Уәкілетті орган шешім қабылдайды және осы немесе басқа жұмыс тәжірибесін тексереді.

Қағидалардың жоғарыда көрсетілген нормаларына сәйкес конкурсты ұйымдастырушылар, тапсырыс берушілер қорытындыларын шығару кезінде өз құзыреті шегінде әрекет етуге және заңнама талаптарын сақтауға тиіс.

Бұл жағдайда конкурстық комиссияға конкурс қорытындыларын шығару кезінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін алып тастау үшін негіздер қажет. Яғни, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтердің дұрыстығын растау туралы және түзетуді растау туралы шешімге сотқа шағым келтірілуі және оның күші жойылуы тиіс.

Демек, негіз болмаған кезде ӘРПК-нің 13-бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан Республикасының заңдарында қорғалады.

Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі.

Заңды қолайлы әкімшілік акт ӘРПК-нің 85-бабы 4-бөлігінің нормаларында көзделген жағдайларда ғана күші жойылуы мүмкін, ал заңсыз қолайлы әкімшілік акт осы баптың 6-бөлігінде көзделген негіздер болған кезде қолданылатын, атап айтқанда:

1) соның негізінде әкімшілік акт шығарылған құқықтық акт конституциялық емес деп танылса;

2) әкімшілік рәсімдерге қатысушы ұсынған құжаттың не мәліметтердің қасақана анық еместігі белгіленсе;

3) әкімшілік акт әкімшілік рәсімге қатысушының заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен, прокурордың, қылмыстық қудалау органының, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) қаулысымен белгіленген құқыққа қарсы әрекеттерді жасауы нәтижесінде қабылданса;

4) әкімшілік акт мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекеттің қауіпсіздігін қозғайтын немесе адамдардың өмірі, денсаулығы үшін ауыр еңсерілмес салдарға алып келуі мүмкін болса, күші жойылуға жатады.

Мысалы, «Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ (Басқарма) «Батыс Қазақстан облысы Б. ауданы В. ауылының су құбырын салуды» мемлекеттік сатып алуды электрондық конкурс тәсілімен жүргізген. Сатып алуға тапсырыс беруші «Б. ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс басқармасы» ММ болып табылады.

2022 жылғы 11 қаңтарда конкурстың қорытындысы бойынша 8% шартты жеңілдікпен «КА» ЖШС жеңімпаз, ал «Б» ЖШС екінші орын алған әлеуетті өнім беруші болып танылады.

ІМАД камералдық бақылау нәтижелері бойынша «Б» ЖШС-ның шағымын қанағаттандырудан бас тартылған.

Жергілікті соттар талап қоюды қанағаттандырған. Басқарманың конкурс қорытындысын шығару бойынша әрекеттері заңсыз деп танылды. Дау айтылатын хаттама заңсыз деп танылып, күші жойылды.

Соттар «КА» ЖШС-ның оған шартты жеңілдік беру үшін 16 объект бойынша қажетті тәжірибесі болмағанын негізге алған, өйткені, электрондық депозитарийдің деректері бойынша бұл объектілер «РС» ЖШС-ның есебінде тұр. Бұл ретте, жауапкер мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, оның ішінде, әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктерді ұсыну мен адал бәсекелестік қағидаттарын бұзған.

Кассациялық сатыда талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарыла отырып, сот актілері қайта қаралды. Алқаның қорытындысы бойынша әкімшілік органның (Басқарманың) бұл жағдайда әкімшілік қалауы болмаған.

Дау айтылған актілер тексерілген, ал уәкілетті органның олардың дұрыстығын растау туралы шешіміне заңда белгіленген тәртіппен дау айтылмаған және күші жойылмаған.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын иелену бөлігінде біліктілік талаптары қойылады (Заңның 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы).

Заңның 10-бабына сәйкес әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда;

2) әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына

сәйкес келмеуі, сондай-ақ, ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактісі анықталғанда;

3) біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Заңның 4-бабында айқындалған МСА-ны жүзеге асыру қағидаттарының бірі МСА үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаты болып табылады.

«Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты» ҚММ үшін «Жас-Қанат» ықшам ауданындағы 30 аула аумағын ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде ұйымдастырушы – Басқарма «Аумақты жөндеу/абаттандыру жұмыстары» лоты бойынша қорытындыларды шығарды.

Осы конкурс бойынша қорытындылар туралы хаттамамен «КБК» ЖШС-ның өтінімі (сол кезде қолданыста болған) МСА-ны жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасы бойынша әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне, сондай-ақ, 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болмауына байланысты қабылданған жоқ.

МСА қорытындыларымен келіспеген «КСП» ЖШС Алматы қаласы бойынша ІМАД-іге шағыммен жүгінген. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша ұйымдастырушының атына анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама енгізілген.

Хабарламаға сәйкес, ЖШС-ның І санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына мемлекеттік лицензиясы бар, осыған байланысты ол конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті емес. Департаменттің пікірінше, конкурс комиссиясы ЖШС-ның жұмыс тәжірибесін дұрыс анықтамаған.

Өз кезегінде, ұйымдастырушы хабарламамен келіспей, Комитетке қарсылық жолдады, оны қарау нәтижелері бойынша соңғысы қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды жасады.

Ұйымдастырушы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындыларын қайтадан шығарды және «КБК» ЖШС-ның өтінімін конкурстық комиссия «С» ЖШС жеңімпаз болып танылған қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келмегендіктен Комитеттің қорытындысы негізінде қайтадан қабылдаған жоқ.

Конкурстың қайталама қорытындыларымен келіспей, шартты жеңілдіктің дұрыс есептелмегеніне сүйеніп, «КСП» ЖШС сотқа жүгінген.

Дауды шеше отырып, бірінші сатыдағы сот талап қоюшының тәжірибесі конкурстық құжаттамада мәлімделген талаптарға сәйкес келгенін көрсете отырып, талап қоюды қанағаттандыру туралы

тұжырымға келді. Демек, Комитеттің қорытындысындағы тұжырымдар көрсетілген бөлігінде заңсыз болып табылады.

Соттың аталған түйінмен сот алқасы келіспеген.

Уәкілетті орган талап қоюшының 5-1-қосымшаның 6-тармағындағы кестеде көрсетілген жұмыстарын қабылдағанын анықтады. Осылайша, 2011, 2019, 2020 жылдардағы объектілер үшін талап қоюшының жұмыс тәжірибесі танылды.

Сонымен қатар, Серіктестіктің конкурстық құжаттамасында өзге де орындалған жұмыстар мен жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер жоқ, атап айтқанда, 5-1-қосымшаның 6-тармағындағы кестеде, «Құжатты беру күні мен нөмірі» 5-бағанында Серіктестік орындалған жұмыстар актілерінің күні мен нөмірін, объектілерді пайдалануға беру актілерін көрсетпеген, олар туралы мәліметтер электрондық түрде қоса берілмеген.

Осыған байланысты алқа ұйымдастырушы мен Комитет конкурсқа қатысушының жұмыс тәжірибесі ретінде қалған жұмыстарды заңды түрде қабылдамаған, жоқ мәліметтер шартты жеңілдікке есептелмеген деген түйін жасаған.

Сот алқасы тапсырыс беруші мен конкурстың жеңімпазы «С» ЖШС-ның арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды МСА туралы шарт жасалғанын, жұмыс объектісінің өзі әлеуметтік маңызды сипатқа ие екенін атап өтті. Істі қарау кезінде «С» ЖШС бүкіл жұмыс көлемін орындаған, тиісті актілерге қол қойылған, объектілер пайдалануға берілген, шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау бойынша шағымдар жоқ.

IX. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРДАҒЫ КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ

Мемлекеттік сатып алу саласындағы камералдық бақылау:

- мемлекеттік сатып алудың уақтылы және толық орналастыру жылдық жоспарын камералдық бақылау тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген (нақтыланған) күннен бастап, он бес жұмыс күні өткеннен кейін жүргізіледі.
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер веб-порталға орналастырылған күннен бастап, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін жүргізіледі.
- мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен және (немесе) тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы әлеуетті өнім берушіге қол қоюға жіберілген күнінен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

- конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) бірінші бағыт: конкурс (аукцион) жарияланған күннен бастап, конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттама) жобасын алдын ала талқылау кезеңінде ескертулерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін;

конкурстық құжаттаманың жобасына алдын ала талқылау жүзеге асырылмаған жағдайда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған күннен бастап, күнтізбелік он күн ішінде;

- 2) екінші бағыт – конкурстық құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы веб-порталға орналастырылған күннен бастап, күнтізбелік он күн ішінде;

- 3) үшінші бағыт – веб-порталда алдын ала рұқсат хаттамасы орналастырылған күннен бастап, жеті жұмыс күн ішінде;

- 4) төртінші бағыт, тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде камералдық бақылау жүргізу кезінде – Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабының 5-тармағында көзделген шағымдар бойынша – Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабының 2-тармағында белгіленген мерзім өткен күннен бастап, он жұмыс күні ішінде.

Төртінші бағыт бойынша камералдық бақылау жүргізу кезінде әкімшілік рәсімге қатысушыға тыңдау шеңберінде (яғни, № 598 Қағидалардың 17-тармағының 4) тармақшасы шеңберінде) алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік берілді.

Бұл жағдайда ІМАД камералдық бақылау жүргізу мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабының 5-тармағына сәйкес келіп түскен шағымдарға жауаптың жобасын және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің/МСА-ны ұйымдастырушылардың қатысуымен алдын ала талқылау үшін хабарлама жобасын мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады.

Тыңдау рәсімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес шағымға жауаптың жобасы немесе хабарлама жобасы орналастырылған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйелер арқылы жүргізіледі.

Тыңдау рәсімінің нәтижелері бойынша № 598 Қағидалардың 23-тармағында белгіленген мерзімнің соңғы жұмыс күні Департамент веб-порталда мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың ұстанымдары туралы, оның ішінде, осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын тыңдау хаттамасын орналастырады.

Камералдық бақылау жүргізу кезінде № 598 Қағидалардың 17-тармағына сәйкес тиісті бағыт бойынша камералдық бақылау жүргізу кезеңінде шағым берген адамның дәлелдері ескеріледі, яғни, ол мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралады (Заңның 47-бабының 5-тармағы).

Уәкілетті орган шағым келіп түскен күннен бастап, бір жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді. *Бұл шағым беру әкімшілік актінің, әкімшілік әрекеттің орындалуын тоқтата тұратын ӘРПК-нің 96-бабының ережелерімен үйлеседі.*

Конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына әлеуетті өнім берушілердің шағымдары, оның ішінде, оларда көрсетілген Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 22-бабында айқындалған тәртіппен конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасына ескертулер берілмеген біліктілік талаптары қарауға жатпайды. Рейтингітік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурстық қорытындылары Заңның 47-бабындағы тәртіппен **Шағымдануға** жатпайтынын атап өткен жөн.

МАЖҚБ Заңының 30-бабы 4-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес камералдық бақылаудың ден қою шаралары бірі барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберу болып табылады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде аумақтық бөлімше камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны ресімдейді және мемлекеттік аудит объектілеріне жолдайды.

Хабарлама жария-құқықтық қатынастарда қабылданатын және белгілі бір адамның немесе жеке айқындалған адамдар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын әкімшілік акт болып табылады.

Хабарламаны мемлекеттік аудит объектісі оны мемлекеттік аудит объектісіне тапсырған (алған) күннен кейінгі күннен бастап, он жұмыс күні ішінде орындайды.

X. КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ДАУ АЙТУ

ӘРПК-нің 79-бабына сәйкес әкімшілік акт заңды және негізделген болуға тиіс. Әкімшілік акт түсіну үшін анық болуға, бірізді қолдануды қамтамасыз етуге, оның күші қолданылатын адамдар қатарын толық айқындауға тиіс.

ӘРПК-нің 129-бабының 3-бөлігіне сәйкес жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 2-қосымшасына (бұдан әрі – 598-қағида) сәйкес хабарламада камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар көрсетілуге тиіс.

Хабарлама анықталған бұзушылықтарды қоса бере отырып жіберіледі, онда әрбір бұзушылық фактісі жеке тармақпен белгіленеді және тәуекел бейінін көрсете отырып, ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына

сілтеме жасап, бұзушылықты сипаттай отырып, басынан аяғына дейін нөмірленеді. Бұзушылықтың сипаттамасында бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атауларына сілтеме жасалады.

Сот «СА» ЖШС мен Астана қаласы Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының хабарламаға дау айту туралы талап қоюы бойынша қаралған әкімшілік іс шеңберінде мыналарды анықтады:

Ұйымдастырушы - — Басқарма «Астана қаласының Зияткерлік көлік жүйесін кеңейту. (Құрылыстың 3-кезегі - ITS жүйесімен жабдықталған жол қозғалысын бейімделген басқарудың жалпықалалық жүйесін құру)» мемлекеттік сатып алуды электрондық конкурс тәсілімен жүргізді. Тапсырыс беруші Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы болып табылады.

2021 жылдың 16 маусымында конкурс қорытындысы шығарылып, лот бойынша «СА» ЖШС жеңімпаз болып анықталды.

Әлеуетті өнім беруші «ТІ» ЖШС 2021 жылғы 23 маусымда әлеуетті өнім беруші «СА» ЖШС-ның жұмыс тәжірибесін есептеуге қатысты конкурстық комиссияның шешімімен келіспеуіне байланысты ІМАД-ға шағым берген.

Камералдық бақылаудың нәтижесінде ұйымдастырушының атына анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілген.

Конкурсты ұйымдастырушы және тапсырыс беруші хабарламаға 2021 жылғы 13 шілдедегі қарсылықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне (бұдан әрі - — ІМАК) берген. 2021 жылғы 13 тамыздағы ІМАК-тың қорытындысымен апелляциялық комиссияның ұсынымы ескеріле отырып, қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.

Талап қоюшылар камералдық бақылау жүргізу кезінде әлеуетті өнім берушілердің мәліметтері жеткілікті зерттелмеді, оның нәтижелері бойынша жұмыс тәжірибесіне қатысты өлшемшарттар қате жасалды деген дәлелдер келтіреді.

МАЭС өз шешімімен ІМАД әкімшілік актіні жасауға – хабарламаға қойылатын талаптарды бұзғанын негізге алып, талапты қанағаттандырды. ӘІСА шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Жергілікті соттардың түйіні: шын мәнінде хабарлама заңның бірқатар нормаларын және тиісті бағасы берілмеген әрі құқықтық талдау жасалмаған қағидалар мен бұзушылықтар туралы түйіндерді санамалауды ғана қамтиды, қаралып отырған жағдайда дәлелдеу ауыртпалығы тікелей жауапкердің мойнында болатынына қарамастан, жұмыс тәжірибесін қабылдамаған кезде Департамент негізге алған өлшемшарттар жоқ. Департамент негіздемелер мен дәлелдерін сот отырысы барысында толықтыруға тырысты, бұған жол берілмейді, олар әкімшілік актіде айтылмағандықтан, сот оларды назарға ала алмайды.

Жауапкер заңнама нормаларына сілтеме жасай отырып, әрбір санамаланған жұмыс тәжірибесі бойынша анықталған бұзушылықтарды, сондай-ақ, конкурстық комиссияның жұмыс тәжірибесін есептеуді заңсыз қолдануын сипаттамайды, наразылыққа негіз жоқ.

Осылайша, әкімшілік акт ӘРПК-нің 79-бабы талап еткендей, түсіну үшін негізді және айқын емес.

Қабылданған хабарламаға негіз ретінде жауапкер МАӘС-те пікірде талап қоюшының жұмыс тәжірибесін қабылдамауы жөніндегі дәлелдерді ғана келтірген. Сонымен, жауапкердің өкілі ұсынылған құжаттамада объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінде және орындалған жұмыстар актісінде, біліктілік туралы мәліметтерде, жұмыстар аяқталған жылдары объектілердің атауларында айырмашылықтар бар екенін, сондай-ақ, пайдалануға қабылдау актілері жартылай жоқ екенін көрсеткен. Жауапкер бұл бұзушылықтарды хабарламада тіркемеген. Дау айтылатын хабарламада бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атаулары көрсетілмеген.

ӘРПК-нің талаптарына сәйкес келмеуіне орай, ӘРПК-нің 84-бабының 2-бөлігіне сәйкес заңсыз әкімшілік актінің толық немесе бір бөлігінде күші жойылуы мүмкін, және жауапкердің хабарламасы заңды және негізді болып табылмайды, және тиісінше оның күші жойылуға жатады.

ӘРПК-нің 129-бабының 3-бөлігіне сәйкес сот талқылауында жауапкер бұрын әкімшілік акт – хабарламада келтірілмеген жаңа дәлелдер мен негіздемелерге сілтеме жасай алмайды.

Сот әкімшілік акт – хабарламаның нысаны мен мазмұны бойынша МАЖҚБ туралы Заңның талаптарына сәйкес келмеу фактісін анықтаған кезде, мұндай әкімшілік актіні ӘРПК-нің 79-бабына сәйкес заңды және негізді деп тануға болмайды.

Осыған байланысты, дау айтылатын хабарламалардың заң талаптарына сәйкес келмеуіне және толық болмауына байланысты соттарға мемлекеттік сатып алуды өткізу тәсілінің дұрыстығын талқылауға кірісудің қажеті жоқ.

XI. ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ДАУ АЙТУ

Заңның 47-бабының 3-тармағына сәйкес осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған жағдайда, шағым Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит шеңберінде қаралады.

МАЖҚБ туралы Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның жоспардан тыс аудиті:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының тапсырмалары бойынша;

4) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша, оларда жазылған мәселелер бойынша ғана жүргізіледі.

№ 598 Қағидалардың 9-тармағында мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалғаннан кейін бұзушылықтар анықталған кезде Заңның 17-бабының 6-тармағына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит немесе Заңның 18-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік аудит жүргізіледі делінген.

Әлеуетті өнім беруші конкурс қорытындыларымен келіспеген кезде камералдық бақылау тәртібімен шағым беру мерзімінің өтуі оны ішкі мемлекеттік аудит органдарына шағым беру мүмкіндігінен айырмайды.

Мемлекеттік сатып алуды бақылау және шағымды қарау электрондық мемлекеттік аудит шеңберінде жүргізіледі.

Мысалы, Басқарма «Үлкен Шаған-Переметное 0-42 км» автомобиль жолын ұстауға ашық конкурс өткізген. Конкурстың жеңімпазы ретінде «ВМ» ЖШС танылды. Әлеуетті өнім беруші «ВП» ЖШС –дан келіп түскен конкурс нәтижелерімен келіспейтінгі туралы өтінішке байланысты ІМАД ішкі мемлекеттік аудитті жүргізеді.

Тексеру нәтижелері бойынша аудиторлық есеп пен аудиторлық қорытынды жасалып, Басқарманың атына нұсқама жазылады.

Басқарма осы актілерді сот тәртібімен даулап, аталған базаның жолға қызмет көрсету үшін қажет екенін негізге келтіреді.

Сот шешімімен талап қою қанағаттандырылды. Аудиторлық есептің 1-тармағының 1.2-тармақшасы, аудиторлық қорытынды, бұзушылықты жою туралы нұсқама заңсыз деп танылды.

ӘІСА-ның қаулысымен сот шешімі өзгертілді, Басқарманың аудиторлық есеп пен аудиторлық қорытындыны заңсыз деп тану туралы талап қоюын қанағаттандыру бөлігінде, күші жойылды. Көрсетілген бөлікте талап қою қайтарылды.

Сот шешімі қалған бөлігінде өзгеріссіз қалдырылды. Кассациялық сатыда сот актілері күшінде қалдырылды.

Жергілікті соттардың түйіндері бойынша: ІМАД есепте және қорытындыда Басқарма конкурстық құжаттамада МСА туралы Заңның 21-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Қызмет көрсетілетін автожол учаскесі ауданындағы база» материалдық ресурсының болуы туралы басқарылмайтын талапты әлеуетті өнім берушілерге заңсыз белгілегенін көрсетті.

Заңның 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес МСА-ны жүзеге асыру, оның ішінде, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті

өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидатына негізделеді.

Заңның 9-бабына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге МСА туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстары болуына біліктілік талаптары қойылады.

Осы өлшемшарт бойынша әлеуетті өнім беруші «ВП» ЖШС автожолға қызмет көрсету үшін қажетті базасы бар ретінде жіберілгені анықталды.

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бойынша осы әлеуетті өнім беруші басқа негізде – материалдық ресурстар - – 1 бірлік – жіктерді дайындау және құюға арналған жабдықтар жиынтығының жоқтығына орай қабылданбаған.

Соттар Департаменттің ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге әкімшілендірілмейтін талаптарды заңсыз белгілегені туралы дәлелдерін қабылдаған жоқ.

Уәкілетті орган конкурсты ұйымдастырушының кінәсін және конкурсты өткізу кезінде оның тарапынан жіберілген заң бұзушылықтарды дәлелдемегендіктен, соттар көрсетілген құжаттардың негізінде шығарылған ұйғарымды заңсыз деп таныған.

Департамент камералдық бақылау жүргізуі тиіс еді және электрондық мемлекеттік аудит жүргізу үшін заңды негіз болған жоқ.

МАЖҚБ туралы Заңның 31-бабына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган камералдық бақылау жүргізу қағидаларында белгіленген нысан бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны ресімдейді және бұзушылықтар анықталған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде анықталған бұзушылықтар сипатымен қоса мемлекеттік аудит объектілеріне жібереді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тексерілетін тұлғаға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап, он жұмыс күні ішінде дербес жойылған жағдайда, лауазымды адам әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Тапсырыс беруші «Жас маман» жобасы аясында желілік әкімшілендіру бойынша оқу кабинетіне» аукцион тәсілімен конкурс жариялаған.

2021 жылғы 27 ақпандағы конкурс қорытындылары туралы хаттамамен әлеуетті өнім беруші «PKZ» ЖШС нақты модельді көрсетпегендіктен, «Антивирус» операциялық жүйесін», «интерактивті оқытуға арналған бағдарламалық қамтылымды» әзірлеушіден авторландырылған хаттарды ұсынбағандықтан, оның конкурстық өтінімі қабылданбаған.

Әлеуетті өнім беруші «PKZ» ЖШС-ның 2021 жылғы 2 наурыздағы шағымымен Департамент тексеру жүргізіп, оның нәтижесінде шағым қанағаттандырылды.

МАЖҚБ туралы Заңның 31-бабының 1-тармағын бұза отырып, Департамент бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны шығармаған, ал бұл құжат бұзушылықтар анықталған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші шағымды МСА туралы Заңның 47-бабы 2, 3 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес 5 жұмыс күні ішінде берген.

Егер шағым уәкілетті органға бес жұмыс күні өткеннен кейін берілсе, онда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит шеңберінде қаралады (Заңның 47-бабының 2-тармағы).

Бұл жағдайда мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама 2021 жылғы 27 ақпанда орналастырылған, бұл ретте, серіктестік шағымды уәкілетті органға 2021 жылғы 2 наурызда, яғни, 5 жұмыс күні ішінде берген.

Нәтижесінде тапсырыс берушінің атына 2021 жылғы 8 маусымда бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселесін қарау туралы нұсқама енгізілді.

Жергілікті соттар жауапкердің аудиторлық тексеру тағайындау туралы әрекетін және тексеру тағайындау туралы актіні заңсыз деп таныды.

Әкімшілік актінің өзіне дау айтылғандықтан, талап қоюшының аудиторлық тексеруді тағайындау туралы жауапкердің әрекетін тану туралы талабы дұрыс мәлімделмегенін атап өткен жөн. Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіге, әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдануға құқылы. ӘРПК-нің 4-бабы 1-бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) – әкімшілік органның, лауазымды адамның жария-құқықтық қатынастардағы әкімшілік акт болып табылмайтын әрекеті (әрекетсіздігі).

XII. СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ДАУ АЙТУ

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерін пайдаланғаны үшін ашықтықты, тиімділікті, жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу МАЖҚБ туралы Заңмен, Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарымен, Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарымен және

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу қағидаларымен регламенттелген.

Мемлекеттік аудит Есеп комитетінің (Тексеру комиссиясының) тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит жүргізілген объектілердің әрқайсысына мыналар ресімделеді:

1) аудиторлық есеп – осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараны тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген тиімділік аудитінің және (немесе) сәйкестік аудитінің нәтижелерін қамтитын құжат;

2) қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп – осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараны тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, қаржылық есептіліктің анықтығы, сондай-ақ, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы жазбаша нысанда білдірілген пікірді қамтитын құжат (Қағидалардың 115-тармағы).

Анықталған бұзушылықтар мен жүйелі кемшіліктер Аудиторлық есептегі жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне қажетті сілтемелер көрсетіле отырып, объективті және дәл сипатталады. Бұзушылықтар ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптары, тармақтары мен тармақшалары, сондай-ақ, мемлекеттік аудит объектілерінің оларды іске асыру үшін қабылдаған актілері көрсетіле отырып сипатталады (Қағидалардың 117-тармағы). Әрбір бұзушылықтың фактісі, сондай-ақ, заңнамадағы анықталған кемшіліктер мен олқылықтар нөмірленеді және бұзушылықтың сипаты мен түрін сипаттайтын, оның ішінде Есеп комитетінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 18-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышында көзделген жеке тармақта жазылады.

Бұзушылықтар сипаттамасында бұзушылықтарды растайтын құжаттарға сілтеме жасалады.

Аудиторлық есепке мынадай аудиторлық дәлелдемелер қоса беріледі: жүйелі кемшіліктер кестесі, аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімі, құжаттардың төлнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері, бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер; жол берілген бұзушылықтар бойынша адамдардың жазбаша түсініктемелері; бақылау

өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері; зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, құжаттар немесе олардың көшірмелері; сарапшылардың қорытындылары (олар жасалған жағдайда) және басқалар.

Аудиторлық есепке тиісті құжаттармен расталмаған фактілерді, түйіндерді енгізуге жол берілмейді.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша Аудиторлық есеп жасалады және аудиторлық іс-шара шеңберінде соңғы аудит объектісінде аудиторлық іс-шара аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде аудит объектісіне жіберіледі.

Аудиторлық іс-шараның нәтижелерімен келіспеген кезде мемлекеттік аудит объектісінің басшылығы қол қойылған Аудиторлық есеп объектіге жіберілген күннен бастап, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтар жіберуге құқылы.

Есеп комитетіне (Тексеру комиссиясына) келіп түскен Аудиторлық есепке мұндай қарсылықтар МАЖҚБ туралы Заңның 11-1-тарауына сәйкес Аудиторлық қорытындыны дайындау кезеңінде қаралады.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша түйіндер мен ұсынымдарды қамтитын Аудиторлық есептердің негізінде жасалатын және Есеп комитетінің (Тексеру комиссиясының) қаулысымен бекітілетін құжат болып табылатын Аудиторлық қорытынды ресімделеді.

Қаулы мыналарды:

1) жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша дайындалған Аудиторлық қорытындыны бекіту туралы шешімді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және (немесе) облыстың (облыстық маңызы бар қаланың, ауданның) жергілікті атқарушы органына және (немесе) тиісті мәслихатқа, консультативтік-кеңесші органға Аудиторлық қорытындыны немесе одан үзіндіні беру туралы шешімді;

3) материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешімді;

4) Нұсқамаларды жіберу туралы шешімді қамтиды.

Тексеру комиссиясының жүргізілген аудит нәтижелері бойынша шығарған нұсқамаларына негізінен сот тәртібімен дау айтылды.

МАЖҚБ туралы Заңның 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қаржылық бақылаудың ден қою шаралары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама шығару болып табылады.

Демек, нұсқама аудит объектісі үшін қолайсыз сипаттағы әкімшілік акт болып табылады.

Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» ҚММ мен мердігер «А-БД» ЖШС арасында жергілікті бюджет қаражатының

есебінен жалпы сомасы 30 724 963 теңге болатын тұрғын үйді ағымдағы жөндеу бойынша құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша тексеру комиссиясы» ММ Тұрғын үй қорының қызметінде тұрғын үй саласындағы бюджет қаражатын пайдалану және мемлекет активтерін басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізген.

Аудит нәтижелері бойынша тапсырыс берушіге 2021 жылғы 23 желтоқсандағы нұсқама енгізіліп – 2022 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде мердігер ұйымдарға күтпеген жұмыстар мен шығындар үшін негізсіз төлемді, қысқы уақыттағы шығыстарды, құрылыс материалының құнына сметалық пайда – 3 339,8 мың теңгені жергілікті бюджет кірісіне өтеуді тапсырған.

Мердігер осы нұсқамаға дау айтқан.

Жергілікті соттар талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқан және тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі – мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын

Аудиттің түйіндері бойынша Тапсырыс беруші реконструкциялау немесе күрделі жөндеу бойынша құрылыс нормативтерін негізсіз қолданған және шығыстарды негізсіз есептеген. Ағымдағы жөндеуді жүргізу кезінде шығыстар нақты нарықтық құн негізінде есептелетін 1.04-26-2011 ҚР ҚН басшылыққа алу қажет еді. Жұмыстың осы түрі кезінде міндетті түрде ЖСҚ жасау қажет. Осыған байланысты Тұрғын үй қоры тапсырыс беруші тарапынан жұмыстардың құнын төлеуді негізсіз қабылдаған.

XIII. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ ЖІБЕРЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері – әлеуетті өнім беруші, өнім беруші, тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор, уәкілетті орган, сарапшы (*Заңның 2-бабының 19-тармақшасы*).

Сот практикасын ерделеу мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде МСА жүйесінің субъектілері бірқатар қателіктерге жол беретінін көрсетті.

а) конкурсты ұйымдастырушы жол беретін қателер:

- сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінде талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамалардың сипаттамасын «кемінде... аспайды» деп көрсету өнім берушіні айқындаудың және таңдаудың күрделілігіне әкеп соғады;

- техникалық ерекшеліктер толық емес немесе дәл емес ақпаратты қамтиды, оған әлеуетті өнім берушілер назар аударады;

- мемлекеттік сатып алу веб-порталында әлеуетті өнім берушінің бұрынғы көрсеткіштерін қолданудың техникалық мүмкіндігі жоқтығына сілтеме (ұйымдастырушының тиісті сұрау салуы болған кезде «ЭҚО» АҚ-ны осындай техникалық мүмкіндігінің болуы туралы бекіту кезінде);

- веб-портал операторына тиісті сұрау салуларды жібермеу;

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасына негізсіз өзгерістер енгізу (№ 6001-22-00-6ап/439 іс бойынша), бұл сауда-саттыққа қатысуға құқығы жоқ адамды жеңімпаз деп тануға әкеп соқтырған;

- қорытындылар хаттамасында сұрау салуларды жіберу туралы мәліметтер көрсетілмейді;

- конкурстық комиссияның төрағасы тиісті құжатты шығармай ауыстырылады;

- МСА туралы шарт жасасуды созу мақсатында сот актілеріне негізсіз шағымданады. Осындай әрекеттердің нәтижесінде бөлінген бюджет қаражаты тиісті түрде игерілмейді, әлеуетті өнім берушінің шартты орындау мерзімі қысқарады.

b) тапсырыс берушілердің жіберетін қателері:

- конкурс жеңімпазына МСА туралы заңнамада белгіленген мерзімдерді бұза отырып, сол арқылы өнім берушінің шарт талаптарын орындау мерзімін қысқарта отырып, шартты қол қоюға жіберу;

- егер өнім беруші веб-портал арқылы хабарламаны алған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы (бар болса) енгізбесе, тапсырыс беруші шартты бұзу туралы бір ай және одан да көп уақыт өткен соң хабарлама жібереді;

- конкурстарды өткізу кезінде әлеуетті өнім берушілер қоса берген мәліметтер тиісті түрде тексерілмейді;

- қорытындылар хаттамасында сұрау салуларды жіберу туралы мәліметтер көрсетілмейді;

- мектепке дейінгі мекемелердің келісу комиссиясын құрудан бас тартуы, бұл әлеуетті өнім берушінің ЖҚТ-дан шығару туралы мәселені қарау өтінішімен бірнеше рет жүгінуіне әкеп соқтырған;

- келісу комиссияларының конкурстардың болмашы сомалары бойынша ЖҚТ-дан алып тастау туралы әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін формалды түрде қарауы.

- *Тапсырыс беруші тарапынан тиісті бақылаудың болмауынан конкурстар ұзақ уақыт бойы қисынды түрде аяқталмай қалады, бұл көрсетілетін қызметті алушыларда (тамақтандыруды, медициналық бұйымдарды, сумен жабдықтауды және т.б. ұйымдастыру) және мемлекеттік бюджетте көрініс табады.*

d) әлеуетті өнім берушілердің жіберетін қателері:

- жұмыс тәжірибесін растайтын, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді енгізу (өзін бас жобалаушы етіп көрсетеді);

- еңбек ресурстарын растау үшін қайтыс болған қызметкерлер туралы, сондай-ақ, еңбек шарты жасалмаған адамдар туралы мәліметтер ұсынылады.

с) конкурстық комиссияның жіберетін қателері:

- әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтердің электрондық депозитарийде тексерілуін тексермейді.

Мәселен, әлеуетті өнім беруші «ВМП» ЖШС электрондық депозитарийге 2012 жылғы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді енгізіп, өзін бас жобалаушы ретінде көрсеткен, ал бұл шындыққа жанаспайды.

Сот тапсырыс беруші «В құрылыс басқармасы» ММ-нен даулы жұмыс жобаларына қатысты құжаттарды сұраған. Ұсынылған құжаттардан осы даулы объектілер бойынша 2012 жылғы 26 қыркүйектегі және 2012 жылғы 27 ақпандағы мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаманың қорытындылары бар екені, онда тапсырыс беруші «ШҚО құрылыс басқармасы» ММ болып табылатыны, бас жобалаушы ретінде «Облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық құрылысы» ҚМК көрсетілгені, ал «ВМП» ЖШС қосалқы мердігер ретінде көрсетілгені анықталған.

Конкурстық комиссия барлық қоса берілген құжаттарды көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеруге міндетті еді.

Заңның 27-бабына сәйкес конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Осылайша, сот конкурстық комиссия қатысушылардың өтінімдерін олардың біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тиісті дәрежеде зерттемегенін анықтаған.

е) ішкі мемлекеттік аудит органдарының жіберетін қателері

- камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған хабарламадағы бұзушылықтар сипаттамасының сипаттамасы келтірілмейді; әкімшілік актіні заңсыз деп тануға әкеп соғатын бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атауларына сілтеме жасалмайды;

- Комитеттің мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер емес және дау айтылатын конкурстарға қатыспаған, яғни, әлеуетті өнім беруші болып табылмаған субъектіге қатысты тексерулерге

бастамашылық жасауы (Заңның 2-бабының 2) тармақшасы). Анықталған мән-жай Департаменттің Заңның 18-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша тексеру жүргізу мүмкіндігін болдырмайды.

- № 598 Қағидалардың 8-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалғанға дейін жүргізіледі.

МСА туралы жасалған шарт кезінде ішкі мемлекеттік аудит органдары № 392 Қағидаларға қатаң сәйкестікте жоспардан тыс аудит жүргізу жолымен ғана және қандай да бір бұзушылықтар анықталған жағдайда тұлғаның өтініші бойынша тексеруді жүзеге асыра алады (Заңның 18-бабы 5-тармағының 4) тармақшасы), мемлекеттік аудит органы № 392 Қағидалардың 107-тармағына сәйкес анықталған бұзушылықтарды жоюға және оларға жол берген тұлғалардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама қалыптастырады.

Бұл нұсқама аудит объектісіне қарсылық білдіру құқығын бере отырып, аудиторлық есеп (қорытынды) жасалғаннан кейін қалыптастырылады.

Алайда, Департаменттің жоғарыда аталған нормаларды бұза отырып, шарттар жасалғаннан кейін оны жүргізуге құқығы болмаса да, Комитеттің тапсырмасын әрекет етуге нұсқау ретінде қабылдап, камералдық бақылау жүргізген фактілері бар.

Заңның 30-бабында көзделген ден қою шараларының тізбесі толық болып табылады және онда камералдық бақылау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығару туралы жоқ.

Осыған қарамастан, Комитет Департаменттің шығарған нұсқамасына әлеуетті өнім беруші шағыммен жүгінген кезде тиісті ден қою шараларын қабылдамайды.

Осылайша әкімшілік орган әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыру үшін объективтілікті және бейтараптылықты сақтау, әкімшілік рәсімге қатысушыларға тең мүмкіндіктер мен жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін бұзады.

- Комитет әлеуетті өнім берушілердің шағымдарын әкімшілік істің барлық мән-жайларын анықтамай, заңда белгіленген тәртіппен тиісті тексеруді жүргізбей, үстірт қарайды. Осының барлығы процеске қатысушылар тарапынан өтініштерді шешу кезінде мемлекеттік органның лауазымды адамдарының бейтараптығына наразылық тудырады.

МСА-ға қатысушылар сатып алулардың ақпараттық ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету қағидатын сақтауы тиіс.

XIV. I ЖӘНЕ II САТЫДАҒЫ СОТТАРДЫҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Бұл қағидат соттың процесті қолайлы аяқтау үшін әртүрлі тетіктерді қолдануына негізделген. Мұндай әрекеттердің барлығы талап қоюшыға өз құқықтарын толық көлемде іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Соттың белсенді рөлі талап қою нысанасын айқындау кезінде көрінеді және сот талап қою талаптарын қалыптастырумен, талап қою мәтінімен және оған қоса берілген немесе кейінірек ұсынылған құжаттармен байланысты емес.

Сот тарапқа құқықтық салдарларды алдын ала түсіндіре отырып, талап қою талаптарын қалыптастыруға және (немесе) өзгертуге жәрдемдеседі.

Кассациялық тәртіппен қаралған істерді талдау бірінші сатыдағы соттардың назарын мынадай сипаттағы жол берілетін қателерге аударуды талап етеді.

1) соттың белсенді рөліне талап қоюшыға талаптарды нақтылау туралы соттың түсіндірмесін де жатқызу қажет, талап қоюшының немесе оның өкілінің талаптарды (талап қою нысанасын) дұрыс емес қалыптастыруына жол беріледі. Адамның сотқа талап қоюмен жүгінуінің түпкілікті мақсаты тиісті дәрежеде анықталмайды. Көрсетілген кемшіліктерді дайындық әрекеттері процесінде және алдын ала тыңдауда жою қажет.

2) тиісті жауапкерге талап қоюды беру туралы түсіндіру керек. Мұндай жағдайда іс бойынша бірнеше жауапкерлерді заңсыз тарту болмайды, бұл іс бойынша уақытты, шығындарды үнемдейді (смс-хабарламаларды, құжаттарды жіберу және т.б.).

Талап қоюшылар конкурсты ұйымдастырушымен қатар конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға дау айту туралы сотқа талап қоя отырып, жауапкер ретінде уәкілетті орган – ІМАД-ны көрсетеді, ал оның шешіміне не әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтпайды.

3) талаптарды нақтылау туралы соттың түсіндірмесіне және кемшіліктерді көрсетуіне қарамастан, талап қоюшылардың өкілдері тарапынан теріс пайдаланулар байқалады, оны шешуден бұзылған құқықтарды тиімді қорғау және қалпына келтіру болмайтын дұрыс емес талаптарды мәлімдей отырып, ұстанымын өзгерткісі келмейді.

Осындай өкілдердің әрекеттерінен талап қоюшы қалаған нәтижесіне қол жеткізбейді, сондай-ақ, процестің басқа қатысушылары мен соттың уақытын алады. Мұндай жағдайларда процестік құқықтарын теріс пайдаланатын адамнан ақшалай өндіріп алу арқылы ӘРПК-нің 127-бабының ережелерін қолданған жөн.

4) уәкілетті органның шарт жасасудан жалтарған деп тану және әлеуетті өнім берушіні ЖҚТ-ға енгізу туралы бұйрықтарына дау айту туралы талап қоюлар бойынша «Электрондық қаржы орталығы» АҚ мүдделі тұлға ретінде қате тартылады;

5) сот актісінде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін мүдделі тұлғалар іске қатысуға тартылмайды. Соттар іске қатысуға тартылмаған тапсырыс берушінің, әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен міндеттері туралы мәселелерді шешеді;

6) конкурс қорытындыларына дау айту туралы талап қоюлар бойынша мүдделі тұлғалар ретінде қорытындыда келесі орындарға ие болған әлеуетті өнім берушілер тартылады, ал олардың нәтижелері конкурс қорытындыларына енді әсер ете алмайды;

7) конкурстық құжаттама толық көлемде талап етілмейді. ӘРПК-нің 129-бабының талаптарына сәйкес дәлелдеудің ауыртпалығы жауапкерге жүктеледі. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінен бастап, жауапкерден барлық конкурстық құжаттаманы ұсынуын талап ету қажет.

8) МСА-ға қатысушылар сотқа дейінгі реттеуді сақтаған кезде апелляциялық комиссияның қорытындысын және дауыс беру нәтижесі мен дауыс беру негізінде комиссияның шешімі қамтылған апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын талап еткен жөн;

9) осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды сотқа дейін реттеу тәртібі сақталмағандықтан, ӘРПК-нің 138-бабы 2-бөлігінің 1) тармақшасына сілтеме жасай отырып, әлеуетті өнім берушінің талап қоюы негізсіз қайтарылады. Ал талап қоюшы конкурстың қорытындыларына ІМАД-ға шағымданған кезде, уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған әкімшілік органға одан әрі жүгіну МСА туралы Заңның 47-бабының 7-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің құқығы болып табылады.

10) талап қоюмен сотқа жүгіну мерзімдеріне назар аударған жөн.

ӘРПК-нің 136-бабының бесінші бөлігіне сәйкес құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері әкімшілік актіде қозғалатын, әкімшілік рәсімге қатыспаған адам әкімшілік актінің қабылданғаны туралы адам білген немесе білуі мүмкін болған күннен бастап, бір ай ішінде, бірақ, ол қабылданған күннен бастап, бір жылдан кешіктірмей сотқа талап қоюды беруге құқылы.

Осы нормада көрсетілген бір жылдық мерзім түпкілікті болып табылады және қалпына келтіруге жатпайды.

ӘРПК-нің 136-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

Мұндай жағдайда оны беруге арналған мерзімді өткізіп алуға байланысты талап қоюды мәні бойынша қарау заңсыз болып табылады, ол жоғарыда келтірілген ӘРПК нормасының негізінде қайтарылуға жатады.

11) әкімшілік істі қалыптастыру кезінде қайталанатын құжаттарды қосу арқылы істердің ретсіздігіне жол беріледі. Іс бойынша тараптар көбінесе сотқа бір мезгілде бір дәлелдемелер мен құжаттарды ұсына алады. Бұл жағдайда судья қайталанатын құжаттарды оларды ұсынған тарапқа қайтаруы тиіс.

Апелляциялық сатыдағы соттар:

1) басқа тарапқа қатысты билік өкілеттіктері берілген субъектілерге жария-құқықтық қатынастардың міндетті белгілерін белгілеу бойынша мән-жайларды ескермейді (әлеуетті өнім берушілердің «Самұрық Қазына Контракт» ЖШС-ға талап қоюлары бойынша);

2) талап қоюшының дауды сотқа дейін реттеудің міндетті тәртібін жоғары тұрған сатылардан талап етуіне жол беріледі, ал мұндай адам ІМАД-ның аумақтық органына жүгіне отырып, өз құқығын пайдаланған.

3) ӘРПК-нің 1-бабы 3-бөлігінің екінші абзацына сәйкес егер ӘРПК-іде өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде АПК ережелері қолданылады.

АІЖК-нің 429-бабының 7-бөлігіне сәйкес осы Кодексте белгіленген жағдайларда істің одан әрі жүргізілу мүмкіндігіне бөгет болатын апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымына шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін .

ӘРПК-нің 168-бабы 10-бөлігінің екінші абзацында әкімшілік істің одан әрі жылжу мүмкіндігіне кедергі келтіретін апелляциялық сатыдағы соттың өзге де ұйғарымдарына кассациялық тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

ӘРПК-нің 138-бабының үшінші бөлігіне сәйкес талап қоюды қайтару, осы баптың екінші бөлігінің 3), 5), 9), 11), 12), 13), 14), 15) және 17) тармақшаларын қоспағанда, сол жауапкерге сол нысана мен сол негіздер туралы сотқа талап қоюмен қайтадан жүгінуіне кедергі келтірмейді.

Құқықтық сипатын негізге ала отырып, істің жылжуына кедергі келтірмейтін шағым келтірілген сот актілері әкімшілік істің одан әрі жылжу мүмкіндігіне кедергі келтіретін сот актілерінің санатына жатпайды.

ӘРПК-нің 169-бабының 2-бөлігіне сәйкес әкімшілік процеске қатысушылар заңды күшіне енбеген сот актілеріне кассациялық тәртіппен шағым жасауға құқылы. Әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілеріне кассациялық шағымдану тәртібі, мерзімдері және

шарттары ӘРПК-нің 169-бабының үшінші және алтыншы бөліктерінде көзделген.

Осыған байланысты, бірінші және апелляциялық сатылардың көрсетілген ұйғарымдарына кассациялық шағымдар қайтарылуға тиіс, ал кассациялық тәртіппен қарауға қабылданбауға тиіс.

XV. ҰСЫНЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ

1. МСА туралы Заңның 47-бабының 6, 7-тармақтарына сәйкес осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде келіп түскен шағымды қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган осы Заңның 16-бабының 6) тармақшасына сәйкес шешім қабылдайды не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті органның осы баптың 6-тармағына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші оған Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен апелляциялық комиссияға шағымдануға құқылы.

Заңның көрсетілген нормасының мағынасынан туындайтыны, әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оның шешіміне жоғары тұрған органға шағымдану әлеуетті өнім берушінің құқығы болып табылады.

Алайда, Заңның 9-тармағы осы бапта көзделген дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылатынын регламенттейді.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңның 58-6-бабының 2-тармағына сәйкес осы Заңда көзделген жағдайларда дауларды апелляциялық реттеу міндетті болып табылады.

Камералдық бақылауды жүргізу қағидаларының 33-тармағына сәйкес уәкілетті орган ведомствосының шешімімен және (немесе) осы Қағидалардың 26-тармағы 2-бөлігінің 2) және 3) тармақшаларына сәйкес жіберілген аумақтық бөлімшенің хабарламасымен келіспеген кезде тиісті конкурсқа (аукционға) қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші және (немесе) мемлекеттік аудит объектісі жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы, оның ішінде веб-портал арқылы апелляциялық комиссияға осы Ереженің 7-қосымшасының нысанына сәйкес шағым береді не сотқа жүгінеді.

Заңның 47-нормасындағы қайшылықтарды жою, нақтылауды енгізу ұсынылады.

Заңның 47-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтыру ұсынылады:

«Өткізілген мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шешімдеріне мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатыспаған тұлғалардың шағымдануына жол берілмейді. Мұндай шағымдар қараусыз қалдырылуға жатады».

Осыған ұқсас ретінде ҚР ЖС-ның нормативтік қаулысына көрсетілген мазмұнда толықтыру енгізіп, «Осыған байланысты мұндай талап қоюларды ӘРПК-нің 138-бабы 2-бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес қайтару қажет» деп қосу керек.

2. Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйе автоматтандырылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 692 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қағидаларын және Мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу қағидаларының 2-тармағының 13) тармақшасына сәйкес техникалық іркіліс – бір немесе бірнеше қатысушылардың Жүйені пайдалану мүмкіндігін болдырмауға әкеліп соғатын Жүйенің аппараттық-бағдарламалық кешенінің немесе оның жеке құрауыштарының жоспарланбаған уақытша істен шығуы (апаттық тоқтауы, жады мазмұнының күйреуі, аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету ресурстарының артық жүктемесі және қабылданған технологияны елеулі бұзатын және жүйенің жағдайында бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға мүмкіндік бермейтін басқа да ахуалдар, оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету беретін қате шығыс деректері (нәтижелері).

№ 692 Қағиданың 13-тармағына сәйкес оператор техникалық іркілісті растаған кезде оның сындарлылық деңгейі белгіленеді. Жүйе аукционды өткізу нәтижелері туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастырған жағдайда, мұндай хаттама мен берілген өтінімдер жойылады.

Осы Қағидаларда қорытындылардың хаттамасының күшін жою тәртібі, оны нақты кім жоятыны реттелмеген. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің камералдық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында конкурстың дұрыс емес нәтижелеріне қатысты әлеуетті өнім берушілердің шағымдарын қарау қорытындылары бойынша шешімдер қабылдау жөнінде ІМАЖ мен ІМАК-ның өкілеттіктері жазылмаған.

Бұл мән-жай конкурс нәтижелерінің бұрмалануына, мемлекеттік сатып алу туралы шартын басқа (ықтимал) әлеуетті өнім берушімен жасасуға әкеп соғады.

Бұдан басқа, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс өткізу кезінде әлеуетті өнім берушінің конкурстың нәтижелеріне камералдық бақылау тәртібімен шағымдануға құқығы жоқ.

Ал камералдық бақылау шеңберінде де мұндай бұзушылықтарды жоюға болады.

Заңның 29-бабына мынадай толықтыру енгізу ұсынылады: «Конкурс қорытындыларын шығару кезінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында техникалық іркіліс анықталған және оны мемлекеттік сатып алу порталының операторы растаған жағдайда, конкурстық комиссия конкурс қорытындыларының нәтижелерін жоюға (күшін жоюға) және конкурс өтпеді деп танымай және соттың араласуынсыз әлеуетті өнім берушілерді конкурс қорытындылары шығарылғанға дейінгі жағдайға қайтаруға міндетті».

3. Тексеру комиссиясы (Есеп палатасы) бюджет қаражатын, мемлекет активтерін пайдаланғаны үшін тиімділікке, жауапкершілікке бақылау жүргізеді. Осы бақылау МСА-да мердігерлер (өнім берушілер) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін жүзеге асырылады. Бұл ретте, шарт тараптарының арасында тиісті құжаттар (объектілерді пайдалануға қабылдау актісі, орындалған жұмыстардың актілері және т.б.) ресімделеді. Мұндай құжаттарға қол қойылғаннан кейін ұзақ мерзім өткеннен кейін (2-3 жыл) аудиторлық іс-шаралар шеңберінде тапсырыс берушілердің Бюджет кодексінің талаптарын бұзғаны анықталады (бақылау өлшемдері (тексерулер) жүргізіледі, шығыстарды есептеудің және нормативтік базаны қолданудың дұрыстығы тексеріледі).

Тиімді бақылау мақсатында *мердігерлердің орындалған жұмыстарын қабылдау кезеңіне Тексеру комиссиясы (Есеп палатасы) өкілдерінің қатысуын көздеу ұсынылады.* Тапсырыс беруші ұсынған есеп айырысулардың негізінде өзінің орындаған жұмыстарына (шарт талаптарын тиісінше орындамауды қоспағанда) ақының негізсіз төленуіне мердігер кінәлі болмауы тиіс. Бұл жағдайда өнім берушінің (мердігердің) сенім құқығын қорғау қағидаты қолданылуы тиіс.

4. Жалпы, нормативтік-құқықтық және реттеушілік база дәйекті түрде баяндалуы және орнықты болуы тиіс екенін атап өтеміз. Алайда, тек 2022 жылы № 648 Қағидаларға шамамен 10 рет өзгерістер енгізілді.

5. ЭЫДҰ Кеңесінің Қазақстанға мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша 2.1-блок тиімділік қағидатын дамытуға 2015 жылғы ұсынымдарының бірі – тұтынушының қажеттіліктерін неғұрлым тиімді түрде қанағаттандыру үшін сенімді техникалық процестерді іске асыру.

Мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруына күш салу, атап айтқанда, өнім берушілерді іріктеудің техникалық ерекшеліктері мен өлшемшарттарын әзірлеу, конкурстық ұсыныстарды бағалау бойынша мамандарды кәсіби

даярлау үшін мүмкіндіктер жасау, келісімшарттар талаптарының орындалуын бақылау саласындағы әлеуетті арттыру ұсынылды.

МСА-ның тиімділік көрсеткіштерінің бірі барлық қатысушыларға қатысты әділеттілік, ашықтық және тең құқықтылық қағидаттарын сақтау болып табылады.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор органдарына конкурстық ұсыныстарды бағалау бойынша мамандардың кәсіби даярлығын арттыру, өнім берушілерді іріктеудің техникалық ерекшеліктері мен өлшемшарттарын сапалы әзірлеу ұсынылады.

6. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 25 қосымшаның II бөлімінің 13-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында жосықсыз өнім берушілердің тізілімін қалыптастыру және жүргізу көзделуге тиіс, оған: сатып алу туралы шарттар (келісімшарттар) жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер туралы; олармен жасасқан сатып алу туралы шарттар (келісімшарттар) бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер туралы; орындау барысында өнім беруші сатып алу туралы құжаттамада белгіленген әлеуетті өнім берушілерге, өнім берушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні немесе оның нәтижесінде осындай шарт жасалған сатып алу рәсімінің жеңімпазы болуына мүмкіндік берген, өзінің осындай талаптарға сәйкес келетіні туралы анық емес ақпарат бергені анықталса, тапсырыс берушілер сатып алу туралы шарттарды (келісімшарттарды) біржақты тәртіппен бұзған өнім берушілер туралы мәліметтер енгізіледі.

Қазіргі уақытта мемлекетте функционал – МСА-ға жосықсыз қатысушылардың тізілімі бар.

Алайда, одан әрі нақтылау болып жатқандықтан өнім беруші тізілімде көрінбейді (толық ақпарат). Мұндай тізілімнің болуы сатып алудың ақпараттық ашықтығы мен сатып алудың айқындығын қамтамасыз ету қағидатын сақтауды, сондай-ақ, әлеуетті өнім берушінің адалдығы бөлігінде мәліметтер алуды жеңілдетер еді.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде МСА жүйесінің субъектілері жол беретін қателерді зерделеу нәтижелері бойынша веб-порталдардың (электрондық сауда алаңдарының) бағдарламалық-аппараттық кешенін жетілдіру, әлеуетті өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша бірыңғай ақпараттық жүйе құру және құжаттарды «оқылатын» форматта жүктеу кезінде жағдайлар жасау ұсынылады.